

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН
ДАМУҒА АРНАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР МЕН
ЖАТТЫҒУЛАР КЕҢЕСТЕР (ата-аналарға арналған)**

Әдістемелік құралы

2025ж

Әдістемелік құрал 2023-2025 жылдары жүргізілетін АР19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде дайындалды.

С.Н.Жиенбаева, М.Е.Адамова, М.Н.Ерманова., Ж.К.Сағалиева, Е.Жиенбаев Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар, кеңестер (ата-аналарға арналған) Әдістемелік құралы. - Астана, 2025.- 80 б.

Пікір берушілер:

Жумабекова Ф.Н.-п.ғ.к., доцент

Жумабаева З.Е- п.ғ.к., доцент

Аманшейтова А.А. -әдіскер

Әдістемелік құралда ата-аналарға арналған мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар, экран уақытына қойылатын талаптар, кеңестер берілген.

Әдістемелік құралды ата-аналармен ынтымақтастыққа жұмыс жасайтын мектепке дейінгі ұйым басшылары мен әдіскерлер, тәрбиешілер, логопед мамандарға, ЖОО мен колледждердің оқытушылары мен мамандарына, педагогика мамандығы бойынша білім алатын студенттер қолдана алады.

Әдістемелік ұсынымдар Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2025 жылғы 27 тамыздағы №12 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі әлемдегі елдер дамуының жетекші үрдісі бұл процесс сандық трансформация қоғам өмірінің барлық векторларын қамтыды. Бұл роботтандыру, жасанды интеллект және басқа да цифрлық технологиялар әлемдік экономиканың дамуына айтарлықтай әсер етеді. Әлемдік ауқымдағы цифрландыру процесінің жаһандылығы мен өзектілігі болып табылады әр өкілде жалпықез келген елдің. Барлық салаларға еніп, әлеуметтік процестерге әсер ете отырып, цифрлық трансформация баланың дамуы мен жетілу сипатын, оның ересек адаммен қарым-қатынасын түбегейлі өзгертеді, бұл сөзсіз сөйлеу, сенсорлық және психикалық дамуға әсер етеді. Бұл оны басқа ортада табиғи түрде әлеуметтік тәжірибе беретін өткен онжылдықтар мен ғасырлардағы балалардан ерекшелендіреді. Әсіресе баланың психикасына, эмоциональдық көңіл күйіне, тілінің, сөйлеуінің дамуына да кері әсері баршылық. Отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, әңгімелесудің, бала үшін ересектердің, құрдастарының (ойнауудағы, сөйлесудегі) орнын басты.

Сөйлеу-адамның мәдениеті мен ойлау деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Сөйлеуді меңгеру-күрделі психикалық процесс. Сөйлеу мидың, артикуляциялық аппараттың және баланың есту қабілеті белгілі бір даму деңгейіне жеткенде ғана қалыптаса бастайды. Алайда, тиісті сөйлеу ортасы болмаса, бала, тіпті барлық қажетті анатомиялық және психикалық алғышарттарға ие болса да, сөйлеуді меңгеруде айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Дәл осы себепті баланың қолайлы сөйлеу ортасында болуы өте маңызды, өйткені туылғаннан бастап ол өзінің жақындары мен туыстарынан мысалдар мен сөйлеу үлгілерін көшіреді, оларға еліктейді. Балалар басқалардың ауызекі тіліне, әңгімелесуіне еліктей отырып, ана тілін үйренеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері балалардың сөйлеуін дамытуға көп көңіл бөледі. Бірде-бір, тіпті ең жақсы, дамытуға бағдарланған бағдарлама, егер ол отбасымен бірге шешілмесе, егер мектепке дейінгі мекемеде ата-аналарды білім беру-тәрбие процесіне қатысуға тарту жағдайы жасалмаса, толық нәтиже бере алмайды.

Баланың сөйлеуді меңгеруі онымен тек мектепке дейінгі ұйымда ғана емес, отбасында да айналысқан кезде сәтті болады. Бірақ отбасының қолдауы маңызды. Отбасы баланың қалыпты дамуының негізгі шарттарының бірі және өзінің ойын жеткізудегі негізгі қауіпсіздік сезімін қамтамасыз етеді. Бұл балаға қорқынышсыз және сескенбей сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасауға, оны зерттеу мен жауап берудің жаңа тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді. Отбасындағы қарым-қатынас баланың дүниетанымын қалыптастыруға әсер етеді, оған өзінің көзқарастарын, түсініктерін дамытуға мүмкіндік береді. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаға ересектермен, аға-әпкелермен қарым-қатынастан жаңа білім алып қана қоймай, сөздік қорын байытатын, сөйлемдерді дұрыс құруды, дыбыстар мен сөздерді дұрыс және анық айтуды, тәжірибелерінен, алған әсерілерінен әңгімелеп айтуды үйренетін жағдайлар жасау қажет.

Сөйлеу-бұл күрделі жүйе, қазіргі ата — аналардың алдында баланың ана тіліндегі сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеу қарым-қатынасының құрамдас бөлігі ретінде үйлесімді сөйлеуді толыққанды қалыптастыру үшін жағдай жасау міндеті тұр. Ата-аналардың мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға тікелей қатысуы маңызды шарттардың бірі болып табылады, баланың сөйлеуін уақтылы дамыту оның толық сөйлеу және жалпы психикалық дамуының маңызды шарты болып табылады. Тіл мен сөйлеу-есте сақтаудың, қабылдаудың, ойлаудың маңызды психикалық процестерін көрсетудің, сондай-ақ басқа салаларды дамытудың негізгі құралы: коммуникативті және эмоционалды-ерікті. Қазіргі кезеңде отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың негізгі бағыттарын анықтаудың шұғыл практикалық қажеттілігі бар.

Біздің де, шетелдік тәжірибеміз де баланың сөйлеуін дамыту үшін оңтайлы жағдай оның отбасында болуы, әр баланың сөйлеуі табиғи сыйы бар, және ол балалардың сөйлеуін дамытуда байқалып, тірек болуы маңызды.

Сөйлеу қабілеті іс-әрекетте көрінетіні белгілі. Сондықтан балаға іс-әрекеттің кең таңдауына мүмкіндік беру керек. Бос уақытты ол үшін қызықты нәрселермен толтыру маңызды.

Отбасы баланың рухани өміріне қамқорлық жасауы керек, оның көкжиегін кеңейтіп, толықтық, қанықтылық, қуаныш сезімін тудыруы керек. Бала кезінен бастап бала көрермен, тыңдаушы, оқырман болу қуанышын ашуы керек. Отбасында баланы оқуға таныстыруға, оның кітапқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеуге көп көңіл бөлу керек.

Баланың сөйлеу дағдыларын жетілдіру үшін Сіз әңгімешінің функциясын балаға біртіндеп бере отырып, күлкілі сюжетті айтуға немесе қайталауға кеңес бере аласыз. Бірлескен сабақтар, сондай — ақ кино-фильмдерді, спектакльдерді, телешоуларды көру оқылған, көргендерін кейінгі талқылаумен толықтырылғаны жөн. Балалардың ата-аналарымен әңгімелесуі үнемі болуы керек, оларда сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Адам өмірінде өте қысқа кезең (шамамен 8 жасқа дейін), ата-аналармен қарым-қатынас достармен қарым-қатынасқа артықшылық береді. Қазақ халқы ерте заманнан бастап, баланың сөйлеуін, сөздік қорын, ұсақ қол маторикасын дамытуға ерекше көңіл бөлген. Бұл үрдіс біздің бай халық ауыз әдебиетімізден, салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан көрініс табады. Ата-бабаларымыз аңыз-әңгімелер, өлеңдер, санамақтар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды бала зердесіне жастайынан сіңіріп, ойы ұшқыр, зейінді ұрпақ тәрбиелеуге жауапкершілікпен қарады.

Бабаларымыздың осындай ізгі істері, тәрбие мектебі бүгінде жалғасын тауып, бала сөйлеуінің дамуына арналған шаралар отбасымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда белсенді өткізілуде. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуінің дұрыс дамуы оның тілдік дағдыларымен қатар өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,

ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарлама мазмұнын іске асыруда мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың сөйлеуін дамыту, оған жағдай жасау, тілдік орта құру, балалардың түрлі жаттығулар мен шығармаларға деген қызығушылықтарын ояту, ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру, педагогтерге жұмыс тәжірибесінде қажетті материалдармен көмек көрсету, ата-аналар қауымдастығымен баланың сөйлеуін дамыту бойынша жұмысты жүйелі ұйымдастыру маңызды қадам болып табылады.

Аталаған жинақта көркем шығармалардың құндылығы, мәнерлілігі мен маңыздылығы ескеріліп, педагог пен ата-аналар қауымына балалармен жұмыс жасауда қызықты, әрі тез есте сақтап, жатталынатын ауыз әдебиеті және жеке авторлардың шығармалары ұсынылған. Жинақта педагогтер ата-аналарға мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға арналған: *санамақтар, жаңылташтар, тіл ұстарту жаттығулары, саусақ, артикуляциялық, тыныс алу жаттығулары, дидактикалық ойындар, кеңестер* ұсынылған. Бұл жинақты педагогтер Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру процесінде және отбасында ата-аналар үй жағдайында қолдануға болады. Ал аталған жинақтағы материалдар әртүрлі тақырыптар бойынша және балалардың сөйлеуін дамыту, сөздік қорын байыту, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында берілген.

БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

Баланың сөйлеуінің даму алғышарттары құрсақтан басталады дегенге сенесіз бе?

Нәрестенің айтқан бірінші сөзі әр ата-ананың өміріндегі басты қызықты сәт және өмір бойы есте қалады, кейбіреуі бір жерге түртіп жазып қояды. Дегенмен, сөйлеуді қалыптастыру құрсақ кезеңде басталады, сондықтан болашақта сөйлеудің сәтті дамуының барлық алғышарттарын жасау үшін оның сәтті өтуі өте маңызды. Өздеріңіз білетіндей, кез-келген физиологиялық механизм, оның ішінде сөйлеу аппаратының қалыптасуы генетикалық бейімділік түрінде негізге ие. Бүгінгі күні ұрықтың құрсақтағы дамуы кезінде арнайы диагностика жүргізуге болады, бұл болашақта сөйлеудегі ауытқулардың ықтимал болуын көрсетеді.

Болашақта сөйлеудің қалыптасуына жүктілік процесінің өзі ерекше әсер етеді. Сөйлеу олардың механизмдеріне қатысты бірінші ретті мидың психикалық функцияларын білдіретіндіктен, гемоглобиннің төмендеуі, вирустық аурулар, жарақаттану, қысымның төмендеуі сияқты факторлар баланың сөйлеуінің алғышарттарына теріс әсер етуі мүмкін. Осы факторлардың барлығы баланың сөйлеу процесін кешіктіруі мүмкін. Балалардың сөйлеуін дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау үшін дыбыстық терапия жүргізіліп, ұрыққа музыка қосылып, онымен сөйлесу керек. Құрсақтағы кезеңде (жатырышылық даму кезінде) сөйлеу жоқ, бірақ оның негізі қаланады: бала дауыстар мен дыбыстарды естиді, оларға жауап береді, бұл есту аппараты мен мидың дамуын ынталандырады. Туылғаннан кейін бұл кезең сөйлеуге дейінгі кезеңмен ауыстырылады, онда айқай, гүрілдеу, сыбырлау және алғашқы мағыналы дыбыстар пайда болады. Атап айтсақ: есту жүйесінің дамуы: құрсақтағы нәресте дыбыстарды, соның ішінде ананың және басқалардың сөйлеуін естиді. Бұл есту аппаратын қалыптастыруға және сөйлеуді тануға негіз қалауға көмектеседі. Дыбыстарға жауабы: бала қатты және өткір дыбыстарға, сондай-ақ анасының тыныш, тез сөйлеуіне жауап береді, бұл оның дыбыстар әлеміне үйренуге көмектеседі. Бұл жөнінде халық педагогикасы және шетел зерттеулерінде не дейді?

Баяғыда бір патша өзінің қол астындағы елінің атақты данышпан деген адамына баласын тәрбиелеуге береді. Мұны естіген данышпан тәрбие беретін баланың неше жаса екенін сұрайлы. Сонда патша баласының екіге айға келгенні айтқан кезде данышпан былай дейді: "Балаңның тәрбиесін ойлағаның жақсы, бірақ кешігіп қалыпсың " депті. Бұған түсінбеген патша: "өзі не айтып тұрсың, екі ай ғана болды ғой? Әлі ана сүтінен әлі аузы кеппеген, буыны қатпаған, бесікті белі шықпаған балаға тәрбие берудің кеш болуы қалайы?!" деп ашуланыпты. Сонда данышпан қария "Баланы құрсақтан тәрбиелеу керекі" деген екен. Бұдан тәрбиенің төркіні тереңде жатқанын аңғаруға болады. Соның ішінде баланың ана құрсағындағы тәрбиесі маңызды орыны алады. Қазақ медицинасы құрсақтағы сыртты дыбыстың әр алуан әсері барын әлдеқашан дәлдеп қойған тәрізді. Қазақ халықының тарихи дамуында

калыптасқан жазылмаған тәжірибелер бар. Қазақ халқы балажан, ұрпағын ойлаған халық. Келіні жүкті болғаннан кейін «Құрсақ шашу» тойын жасаған. Келініміз құрсақ көтерді деп киіз үйдің керегесіне қызыл жіп байлаған, оны көрген көршілері келіннің жерік тағамдарын әккеліп, жақсы тілектерін білдірген. Бұл да құрсақтағы бала үшін жағымды психологиялық, эмоциональдық орта, «жақсы сөз жарым ырыс». Мұнан кейін енесі келінін ертіп табиғат аясында серуендеткен, сылдырлаған судың, құстардың әсем әуенін естіртіп, болашақ ұрпағымның құлағы ашық болсын десе, биік-биік тауларға қаратып, арманы биік болсын деп армандаған. Атам қазақ аттың жалында, түйенің қомында көшіп жүріп әсем әуенді ән айтып, күмбірлетіп күй тартқан. Аталған дәстүрлер құрсақтағы балаланың сөйлеуінің алғышарттарын қалыптастыруы сөзсіз. Бұл жөнінде зерттеулер арналған ба? деген сұрақтар туындайды. Медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор Советхан Ғаббасов «Халық педагогикасының негіздері» (1995), «Педагогика мен психология негіздері» (2008) еңбектерінде ұрық тазалығы туралы ғылыми тұжырымдар жасады. Соның ішінде «Тәрбиенің төте жолы ана құрсағында жатыр» деп дәлелдермен бере білген. Мәселен, Қазіргі медицина құрсақтағы балаға сыртқы дыбыстың әр алуан әсері барын әлдеқашан дәлелдеп қойған. Құрсақта жаңа қалыптасып келе жатқан шарананың қандай мінезді пенде болып туарына сырттағы әуез айтарлықтай ықпал етеді екен.

Зерттеушілер тілді меңгерудің бастапқы күйі мен процесін түсіну үшін ауқымды зерттеулер жүргізді, бұл қоршаған орта факторлары мен генетикалық факторлардың тілмен және таныммен, сондай-ақ ми пластикасының негізінде жатқан механизмдермен өзара әрекеттесуі туралы түсінік берді. ([Weaver et al., 2004](#); [Werker and Tees, 2005](#); [Barkat et al., 2011](#); [Werker and Hensch, 2015](#)). Қазіргі уақытта генетикалық және тәжірибелік факторлардың тілді меңгеруге ықпал ететіні кеңінен мойындалды ([Werker and Curtin, 2005](#); [Gervain and Mehler, 2010](#)), және зерттеушілер бұл факторлардың адамның дамуы барысында өзара әрекеттесуін түсінуге мүдделі.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында экспериментке жүктіліктің 7-8-ші айдағы құрсақтағы балаға күніне екі рет магнитофоннан бір әңгіме тыңдатады (A. De Casper). Дүниеге келгеннен кейін таныс әңгімеге реакциясын білдіреді. Зерттеуші Undiyaundeye "оқыту жатырдан басталады, анасының дауысын тани бастайды және туылғаннан кейін басқа дыбыстардан ажырата бастайды (2013, 2014). Дегенмен, жатырішілік кезеңде тілдік тәжірибе де жоқ емес, оның жаңа туған нәрестенің сөйлеу және тілдік мүмкіндіктеріне әсерін зерттеуге көбірек көңіл бөлінуде. Жүктіліктің 26-28 аптасында дамуының көп бөлігін бастан кешіреді, есту қабілеті жұмыс істей бастайды бұл ұрыққа ананың сөйлеу сигналын қабылдауға мүмкіндік береді ([Ruben, 1995](#); [Moore and Linthicum, 2007](#); [Granier-Deferre et al., 2011](#); [May et al., 2011](#); [Anbuhl et al., 2016](#)). Ғалым Ярроудың пікірінше, барлық адамдарда *land* деп аталатын туа біткен сөйлеуді меңгеру құрылғысы бар екенін атап өтті - бұл мида барлық тілдерге арналған әмбебап синтаксистік

ережелер жиынтығы бар (Yarrow, 2014) . Ярроудың пікірінше, барлық адамдарда *land* деп аталатын туа біткен сөйлеуді меңгеру құрылғысы бар екенін атап өтті - бұл мида барлық тілдерге арналған әмбебап синтаксистік ережелер жиынтығы бар (Yarrow, 2014). Кейбір деректер бойынша онтогенездің алғашқы кезеңдеріндегі баланың психомоторлық дамуы көбінесе оның пренатальды дамуының ерекшеліктерімен анықталады (Д. Чемберлен, М. Л. Лазарев, Б. Логан, С. Ғаббасов және т. б.). В. Штерн атап өткендей, бір және үш айлық баланың сөздігі толығымен зат есімдерден тұрады, 1 жас 8 айда етістіктердің үлесі тек 20% - ға дейін артады. Бұл заңдылық деп болжауға болады, бұл баламен қарым-қатынас кезінде ересектердің үлкен қолданылуына байланысты. Д. Миллер бір жыл бойы екі жасар баламен арнайы заттың ерекшелігін білдіретін зат есімін және арнайы әрекетін білдіретін етістікті қолданатын ойын ойнатады. Сонда зат есімді бала алғаш рет екі айлық ойыннан кейін қолданды (бұл үшін ересек адам оны 67 қайталау қажет болды), ал етістікті сегіз айдан кейін қолданды (164 қайталау қажет болды). Ғалымдар А. Фернальди, Morikawa, H a 6-19 айлық балалармен 30 американдық және 30 жапондық аналардың қарым-қатынасын зерттеді. Бақылаулар жапондық және американдық аналардың балалармен әртүрлі қарым-қатынаста екенін көрсетті. Жапондық және американдық аналар барлық уақыттарын заттармен өткізгенімен, американдық аналар көбінесе (жапондық аналарға қатысты 60% - дан 24% - ға дейін) заттарды ("машина", "торай") атаған. Ал жапон аналар етістікке мән берген. Сонымен адам балалары әлемнің лингвистикалық азаматтары болып туады, олар қоршаған ортада еститін кез-келген тілді(тілдерді), тіпті жүктілік кезінде аналары айтқан тілдерден өзгеше болса да, біле алады. Зерттеулер бойынша жаңа туған нәрестелерде болашақ ана тілдерінде кездеспейтін тілдік қарама-қайшылықтарды қабылдауға және ажыратуға мүмкіндік беретін әмбебап, кең қабілеттердің кең ауқымы бар.

Алайда, соңғы 5-10 жылда нәрестелер бұрын ойлағаннан гөрі пренатальды сөйлеу тәжірибесінен көбірек біле алатынын көрсететін дәлелдер жиналды. Ұрықтың лингвистикалық тәжірибеге негізделген оқу қабілеті бұрыннан белгілі: Жаңа туған нәрестелер ананың дауысын (Ф. Ramus), ана тілін (А. Christophe, А. Sansavini) және құрсақта жиі естілетін оқиғаны (Г. Dehaene) таниды және жақсы көреді. Алайда, соңғы нәтижелер пренатальды оқыту осы жалпы артықшылықтардан асып түсетінін білдіреді. Аталған зерттеулерде сөйлеудің ерте, пренатальды тәжірибесі сөйлеуді дамытуда бұрын ойлағаннан да маңызды рөл атқаруы мүмкін деген болжам бар. Бірақ әлі де зерттеулерді қажет етеді деген тұжырым жасалды.

Жаңа туылған нәрестелер дыбыстардан гөрі сөйлеуді жақсы көреді ([Vouloumanos and Werker, 2007](#)), сөйлеу ырғақтарына қарай әртүрлі тілдерді ажырата алады ([Ramus et al., 2000](#)), сөздердің шекарасын анықтау ([Christophe et al., 2001](#)), екпіні әртүрлі өрнектері бар сөздерді ажырата білу ([Sansavini et al., 1997](#)) және дауыстың биіктігін ересек адам сияқты кодтау ([Arenillas-Alcón et al., 2021](#)). Бұл нәтижелер генетикалық

анықталған церебральды ұйымның белгілі бір сөйлеу ерекшеліктерін өңдеудегі рөлін қолдайды.

Отбасында баланың дүниеге келгенен кейінгі сөйлеуін дамытудың ерекшелігі

Кейде қалыпты дамып келе жатқан балалар сөйлеуді меңгеруде қиындықтарға тап болады. Мұның бірнеше себептері бар: бала денсаулығына байланысты, мектепке дейінгі ұйымдарға баланың бармауы, отбасындағы тілдік қарым-қатынастың аздығы және т.б.

Мұндай жағдайларда ата-аналар балаларына көмек көрсетудің жолдарын, әдістерін іздей бастайды. Қазіргі уақытта ата-аналарға үйде баламен түрлі іс-әрекеттер ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көп. Сөйлеуді дамытуда және дыбыстарды дұрыс айтуда баланың естуі маңызды рөл атқарады. Еліктеу арқылы баланың сөйлеуі дамиды. Сондықтан ересектер баланың дыбыстарды, сөздерді айтуын қадағалап, өздері асықпай сөйлеуі, барлық дыбыстар мен сөздерді анық айтуы өте маңызды. Көбінесе баланың дыбыстарды дұрыс айтпауы-ересектердің немесе құрдастарының тіліндегі кемшіліктерге, дұрыс сөйлемуіне еліктеуі болып табылады. Ата-аналар баламен сөйлескенде олардың дұрыс сөйлеуі үшін сөздерді бұрмалап айтуға, жалпы қабылданған сөздердің орнына қысқартылған сөздерді қолдануға болмайтындығына назар аударуы қажет. Бұл дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздік қордың дамуына кері әсер етеді.

Қазіргі кезде сөйлеу дамуының кешеуілдеуі бар балалар саны артып келе жатқаны белгілі. Сөйлеу – баланың психикалық дамуының басты көрсеткіші, себебі онда баланың барлық жетістіктері мен проблемалары көрініс табады. Сөйлеудің тежелуінің бірінші және басты себебі баланың ата-анасымен жеткіліксіз қарым-қатынасы болып табылатындығы айқындалды. Көптеген ата-аналар өзінің жұмыс бастылығына және уақытының тығыздығына байланысты балаларымен сөйлесуге, көңіл бөлуге уақыттары жоқ. Сол себептен қазір ата-аналар түрлі мамандардың көмегіне көбірек жүгінуде. Алайда мамандармен жүргізілген шаралардың тиімділігі мен сәттілігі ата-аналардың мамандар ұсынған ұсыныстары мен кеңестерін қаншалықты дұрыс орындайтындығына байланысты. Осы нормаларға сәйкес, 12 айлық бала қарым-қатынас жасау үшін 10-ға жуық қарапайым сөздерді қолданады, 24 айға дейін 2 сөзден тұратын алғашқы тіркестер пайда болады (Щелованов, Аксарина 1955). Ағылшын тіліндегі әдебиеттерде Бұл термин (Carone Singleton 2018; Nouraeu et al. 2021). Бұл топқа дамуында ауытқулар немесе неврологиялық дисфункциялар анықталмаған, бірақ үш жасында фразалық сөйлеу қабілеті жоқ балалар жатады. Мұндай балалардың сөйлеуі бірте-бірте дами бастағанымен, олардың мектепте оқуда қиындықтары бар екендігі туралы деректер бар (Carone Singleton 2018; Nouray et al. 2021).

Балаңыз анық сөйлей ме?

Бала туғанда сөйлей алмайтыны бәрімізге белгілі. Ол біртіндеп жас және даму ерекшелігіне байланысты дыбыстарды дұрыс және анық айтуға, сөздерді байланыстырып сөйлем құрастыруға, өз ойын толық және жүйелі жеткізуге үйренеді. Көптеген ата-аналарда мынадай сұрақтар туындайды: баланың сөйлеуі қалай дамуы керек? Олар сөйлеу кезінде туындаған мәселелерді өзбетінше шеше ала ма? Баланың белсенді сөйлеуі бірқатар даму кезеңдерінен өтеді. Бала сөйлеуінің алғашқы көрінісі – *айқай* болып табылады. Туылғаннан кейінгі алғашқы айларда ата-анасын және айналасындағы басқа ересектерді мұқият тыңдайды. Бірте-бірте ол әртүрлі адамдардың дауыстарын ажырата білуге үйренеді, сөйлескен кезде басын дыбысқа бұрады.

2-3 ай. Айқайдың орнына **гуілдеу** пайда болады. Гуілдеу – дауысты дыбыстарды айту. Бұл дыбыстарды айтуға сөйлеу аппаратының белсенді дайындық кезеңі. Осы кезеңде баланың сөзді түсінуін дамыту процесі жүзеге асырылады, ол өзінің интонациясын бақсаруды үйренеді.

7-9 ай. Бала бірдей буындарды айтады: «ба-ба-ба», «ма-ма-ма-ма». Сөйлеудің бұл көрінісі былдырлау деп аталады.

9-11 ай. Бала ересектердің айтқан дыбыстарына еліктейді.

11-13 ай. Бала бірнеше сөздерді айта алады. Бұл бірдей буыннан тұратын, екі сөз: «ма-ма», «нәм-нәм» және т.б. 1 жастағы балалардың сөйлеу дамуының нормасы-сөздік қоры 3-тен 20 сөзге дейін. Б1 жас 6 айда ішінде нәресте тек 30-40 сөз қолданады. Екі жасқа қарай баланың сөздік қоры айтарлықтай молаяды (әртүрлі сөз таптарынан 300-400 сөз)

2-3 жас. 2 жаста сөз тіркестерін, жай сөйлемдерді айтады. Күрделі сөйлемдер құрастыруды үйренеді, қиялы дамиды.

3 жас 5 айында баланың сөздік қоры 1000-1500-нан астам сөзді құрайды.

3-4 жас. Сыпайы сөйлеу әдебін, жалғауларды дұрыс қолданады, «не?», «қайда?», «қашан?», «неге?» деген сұрақтарға жауап береді, сөйлегенде етістіктерді өткен шақта қолданып, дыбыстарды айтудағы кемшіліктері біртіндеп жойыла бастайды.

4 жастан 5 жасқа дейін. Күрделі сөйлемдерді, тілдің грамматикалық құрылымын қолдана отырып, байланыстырып сөйлеуді меңгереді. Тұрмыстық заттарды, заттардың қасиеттері мен түстерін білдіретін сөздерді айтады. Ұқсас дыбыстары бар буындарды қайталайды, айтылған сөздерден белгілі бір дыбыстарды бөліп көрсетеді. Дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы қалыптасады.

5 жастан 6 жасқа дейін. Заттарды өзбетінше топтастырады, ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айтады және ажыратады, сөздердің дыбыстық - буындық құрамын сақтайды, ойдан құрастырып, әңгімелер айтып береді, өзі туралы айтады және кейбір заттарға анықтама береді, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастырады.

Бұл бала сөйлеуінің даму кезеңдері. Егер баланың сөйлеуінде қандай да бір кемістіктерді байқаған жағдайда назардан тыс қалдырмау қажет.

«Алаңдамаңыз, менің баламда кеш сөйледі» деген кеңестерге құлақ аспау керек. Бала сөйлейді, бірақ мәселе оның қашан және қалай сөйлеуінде.

Балада қалыптасқан сөйлеу кемістіктерін түзету әлдеқайда қиын екенін есте сақтаған абзал!

Баланың сөйлеуі сазбалшық тәрізді: ол дымқыл болғанда одан қажетті пішін жасау оңай, бірақ, кептірілген сазбалшықтан қандай да бір бұйым мүсіндеу қиын және мүмкін емес. Сондықтан баланың сөйлеуінің дамуына ерте көңіл бөлу қажет.



Ата-аналарға кеңестер «Балалардың сөйлеуін ойындар арқылы дамыту»

Екі жасқа қарай бала сөйлеуінің дамуы жаңа деңгейге жетеді, бұл кезде баланың былдыры бірте-бірте сөзге айналады, ал сөздік қоры 300-400 сөзге жетеді. Ерте жастағы балалардың сөйлеуі үнемі жетіліп отырады, бала күн сайын жаңа сөздерді үйреніп, олардың мағынасын түсіне бастайды. Кейбір екі жастағы балалардың аналары әрбір баланың жеке тұлға екенін түсінбейді және баласының сөйлеуін басқа балалардың сөйлеуімен салыстырады. Бұлай жасаудың қажеті жоқ, өйткені әр бала жеке тұлға және даму деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ, бала сөйлеуінің қалыпты дамуын көрсететін белгілі бір жас ерекшеліктері бар. Соның бірі – баланың күн сайын ересектердің өзіне айтылған сөздерін түсінуі. Мамандардың айтуы бойынша бала қарапайым нұсқауларды түсінуі және орындауы қажет: бөлмеңе барып, ойыншықты алып кел, қуыршақты бесікке жатқыз, тербет және т.б.

Егер баланың белгілі бір сөздік қоры болмаса, оның белсенді сөйлеуі мүмкін емес. 2 жастан 3 жасқа дейінгі кезең – сөйлеуді дамыту үшін қажетті сөздік қорды белсенді түрде толықтыру кезеңі. Баланың басты көмекшісі – анасы немесе үнемі оның қасында болатын ересек. Екі жасар баланың қызығушылығы оянып, «бұл не?», «не үшін қажет?» деген сұрақтарды жиі қоя бастайды және оған міндетті түрде жауап беру керек. Бала қоршаған әлемді белсенді түрде тани бастайды, биік заттарға өрмелеуге, оларды қарауға және қолмен ұстауға тырысады. Мұндай кезде оған бұл әрекеттерді орындауға тыйым салмай, тек қауіпті заттарды алып тастау қажет. Екі жастағы бала сөйлеуінің дамуы көбінесе онымен қарым-қатынас жасауға байланысты.

Ересектер балаға не істеп жатқанын және баланың айналасында болып жатқанның барлығын айтып, әңгімелесуі керек. Оның назарын заттарға және олардың қасиеттері мен сапаларына аудару, серуен кезінде жолда кездескен барлық заттар туралы айту.

Көбінесе 2-3 жастағы балалар сөздерді дұрыс айтпайды. Балаға жауап бергенде сөздерді бұрмаламай, олардың дұрыс айтылу үлгісін көрсету, бірақ сөздерді қайталауға мәжбүрlemeу. Егер ата-анасы мен басқа ересектер сөздерді дұрыс айтса, бала да оларды дұрыс есте сақтайтын болады.

Ерте жастағы балаларға арналған сөйлеуді дамытатын ойындарды қолдана отырып, баланы қарым-қатынас жасауға үйрету ұсынылады. Ол үшін үйде бірнеше ойыншықтарды алып, балаға қойылған сұрақтарға қалай жауап беру керектігін көрсететін ойын ұйымдастыру. Балаға ертегілер айтып беру, кейіпкерлер үшін әртүрлі интонацияларды қолдану, осылайша бала жануарлар (сиыр, қой, жылқы, мысық) мен құстарды, көліктерді тануды үйренеді. Ойында заттардың суреттері бейнеленген карточкаларды қолдануға болады.

Үш жаста бала айналасындағылармен, ең алдымен, ересектермен белсенді қарым-қатынас жасау үшін сөздік қорды қолдана бастайды. Бұл өтініштер, шағымдар, қалаулар немесе әңгіме болуы мүмкін. Баламен айналыса отырып, оның назарын белгілі бір заттың қасиеттері мен сапасына аудару, оларды сипаттау үшін мүмкіндігінше сын есімдерді көбірек қолдану. Баланың сөздік қорын синонимдермен, омонимдермен және т.б. байыту. Дұрыс тыныс алу, сөздерді дем шығарғанда айту, тыныс алуды жаттықтыруға арналған көптеген ойындар бар.

Сырнайлар мен ысқырғыштар. Балаға сыртқы түрі ұнайтын, қолына ұстауға ыңғайлы және баяу дыбысты ысқырғыштар мен сырнайлар таңдау. Сырнай берілген тапсырманы күрделендіреді, сонымен қатар оны қызықты және көңілді етеді. Өйткені, сырнайдың әуезді үні әртүрлі дыбыстарды шығаруға мүмкіндік береді.

Сабын көпіршіктерін үрлеу. Кім ұзағырақ үрлейді? Бұл ойынның ережелері өте қарапайым. Мысалы, кім «а», «у» дыбыстарын немесе кез келген дауысты дыбысты созып айта алады. Кейбір дауыссыз дыбыстарды да созып айтуға болады. Балалар бұл ойынды ата-аналарымен ойнағанды ұнатады. Тек дұрыс тыныс алу ғана қажет.

Менімен бірге қайтала. Сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастырады, артикуляциялық аппаратты дамытады. Балаға қысқа ұйқас сөз тіркестерін оқып беріп, соңғы буынды қайталауын сұрау. Мысалы: Добым кетті домалап-лап-лап-лап, лап-лап-лап. Аю жүрер қорбаңдап-дап-дап-дап, дап-дап-дап.

Қонжықты ертіп ал. Сөйлеуді дамытуға, кеңістікті бағдарлауға ықпал етеді. Жұмсақ ойыншық қонжықты қолға алып, ойыншықтың дауысын сала отырып, балаға оның үйімен танысқысы келетіні туралы айту. Балаға қонжықты ертіп, оны қызықтыратын заттарды көрсетуін айту. Қонжықты ас үйге кіргізіп, ойыншықтың даусымен белгілі бір заттардың атауын сұрау, оны

көрсету (мысалы, тоңазытқыш, пеш, үстел және т.б.), олардың не үшін қажет екенін түсіндіру.

Жануарлардың дауысы. Сөйлеудің, артикуляциялық аппараттың дамуына, жануарлар әлемімен таныстыруға ықпал етеді. Балаға жануарлардың суреттерін көрсетіп, оларды мұқият қарау. Балаға жануарлардың қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін айтып беру, баланы жануарлардың дауыстарымен таныстыру. Жануарлар бейнеленген суреттерді балаға көрсетіп, жануарлардың атын атауды, олардың қандай дыбыстар шығаратынын сұрау.

Қандай жануар екенін тап. Сөйлеуді, артикуляциялық аппаратты дамытуға, жануарлар әлемімен таныстыруға ықпал етеді. Жануарлар бейнеленген суреттерді аударып, араластырып бір жерге жинау. Ойынға қатысушылар кезекпен сурет алып, суреттегі жануардың дауысын салып береді, ал қалғандары оның қандай жануар екенін табуы керек.

Қуыршақты ұйқыға жатқызу. Сөйлеу мен есту қабілетінің дамуына ықпал етеді. Бала қуыршақты қолында тербетіп, бесік жырын айтады, кереуетке жатқызып, көрпесін жабады. Қуыршақ ұйықтап жатқанда оны оятып алмау үшін сыбырлап сөйлеу керек екенін балаға түсіндіру. Баламен сөйлесу, одан әңгіме айтуын сұрау (бәрін сыбырлап айту керек). Бала тез жалығып кетуі мүмкін, сондықтан ойынды ұзаққа созбау қажет. Қуыршақтың ұйқыдан тұратын уақыты болғанын және енді қатты сөйлеуге болатынын айту.

Менімен бірге қайтала. Балаға ұйқас шумақтарды қайталауды ұсыну:
Болса да алма қатты,
Дәмі балдай тәтті.
Ойынымыз осылай,
Өтті бүгін сәтті.

Телефон. Сөйлеуді дамытады және сөздік қорды байытады. Баламен «Телефонмен сөйлесу» ойынын ойнау. Телефон ретінде кез келген заттарды қолдануға болады: текшелер, таяқшалар, конструкторлар бөлшектері. Кезекпен телефон қоңырауын бейнелеу. Қарапайым сұрақтар қою арқылы баламен сөйлесу. Рөлдерді ауыстыру. Жануарлардың, ойыншықтардың атынан да сөйлесуге болалы.

2,5 жастан 3 жасқа дейін бала сөйлегенде жай сөйлемдерді қолданады, ертегінің мазмұнын түсінеді және бәрін білгісі келетіндіктен белсенді түрде сұрақтар қоя бастайды. Үш жасқа қарай баланың сөйлеуі айтарлықтай дамиды; үш жастағы баланың сөздік қоры 1200 сөзге дейін жетеді.

Үш жастағы балалар анық сөйлей бастайды, септік жалғауларын, жіктеу есімдіктерін, етістіктің шақтарын дұрыс қолданады, сөз тіркестерін тұтастай қабылдайды. Бұл кезеңде балалар ойын барысында сөздерді, дыбыстарды қолдануға қызығушылық танытады. Балалар сөйлегенде түсініксіз сөздерді, «заттардың» атауларын айта бастайды: мамақ (тамақ), әпте (әпке), аа (аға), анан (анар), нахмет (рахмет), фу (су), сыға (сырға), фелефон (телефон).



Баланың қарапайым сөз тіркестерін құрастыра алмауы; дене бөліктерінің атауларын шатастыруы; сөздік қорының аз екені **ата-аналарды алаңдатуы тиіс.**

Бала үш жаста сөйлемеген жағдайда не істеу керек?

Кейбір балалар сөйлей бастағанда түрлі қиындықтарға тап болады. Балалардың кейбіреуі бірнеше дыбыстарды ғана айтады, ал кейбіреуі қыңырлықпен тек «өзінше» сөйлейді. Әдетте, бұл балалар басқа жағынан жақсы дамиды.

Мұның себебі неде?

- Жүйке жүйесінде ауытқулар болуы мүмкін. Екі жастан үш жасқа аяқ басқан балалардың сөздік қоры белсенді түрде кеңейеді, әдетте балалар жүйке жүйесінде ауытқулары болмаса 2 жас 5 айда сөйлей бастайды. Балалар осы жаста сөйлемеген жағдайда дәрігердің «сөйлеу дамуының кешеуілдеуі» деген диагноз қоюы мүмкін. Сондықтан алдымен баланың естуінде мүкістігі жоқ екеніне көз жеткізу қажет. Содан кейін балаға түсінікті түрде сөйлеуін дамытуға көңіл бөлу. Бұл кезеңде ең тиімді тәсіл дыбыстарға еліктеу.

Егер бала 2 жаста сөйлемесе оның дыбыстарды айтуға жауапты дауыс аппаратының құрылысы бұзылмағанына көз жеткізу үшін невролог пен логопедке жүгіну ұсынылады.

Екі жастағы баланың сөйлеуін дамыту үшін онымен арнайы сабақтар жүргізу керек:

- балаға заттарды көрсету және оларды атау;
- ойыншықтармен орындалатын әрекеттерді атау, көрсету;
- жеке заттар мен әрекеттерді бейнелейтін суреттерді көрсету және түсіндіру;
- балаға шағын тақпақтар айтып беріп, бірге жаттау;
- балалар жаңылпаштарды өте жақсы көреді. Оларды баламен бірге жаттау және жиі қайталау.
- баламен тапсырма беру ойындарын ойнау («алып кел», «тап») және т.б.

Баланың білуі тиіс сөздерді мәнерлі, баяу, үзіліспен, бірнеше рет қайталап, сәйкес қимылдармен бірге айту қажет. Айналасындағылардың сөзін одан әрі қабылдауды қамтамасыз ету. Бала сөздің мағынасын көрнекілікке сүйенбей түсінуді үйренуі қажет. Баланың белсенді сөйлеуін жетілдіру - сөздік

корын байыту, сөйлегенде барлық сөз таптарын қолдану, сөздердегі дыбыстарды дұрыс айту; сөздердің қолдану аясын кеңейту – алған әсерлерін жеткізе білу, сұрақтар қою және оларға жауап беру; мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу — ақырын, асықпай, қолды сілтемей сөйлеу және т.б.

Баламен қазіргі сәтте не көріп, не қабылдағаны туралы сөйлесіп қана қоймай, оны соңғы оқиғаларды еске түсіруге ынталандыру. Мысалы: «Біз серуендеп жүргенде итті көрдік. Бақшадан жидектер тердік. Тағы не істедік, не көрдік?» - деп, сұрақтар қою арқылы 3-4 жастағы баланың сөйлеуін дамыту үшін отбасында жағдай жасау маңызды.

Кіші жастағы балаларды сөйлеудің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеудің негізгі міндеті – дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздерді анық және түсінікті айтуға үйрету. Сондықтан жұмыс дыбыстарды дұрыс айтуды бекітуге бағытталуы тиіс. 3-4 жаста дыбыстарды дұрыс айтудың сипаттық ерекшеліктері оларды айту кезінде артикуляцияның тұрақсыздығы болып табылады. Әдетте, үш жасқа дейін бала ызың дыбыстар (ш, ж, з, с) мен үнді дыбыстардан (л, р) басқа қазақ тіліндегі дыбыстардың барлығын білуі керек.

Зерттеу нәтижесінде балалардың көпшілігінде дауыс аппаратының баяу дамитыны анықталды. Сондықтан ерте жаста ең маңызды міндеттердің бірі – балалардың артикуляциялық аппаратының жұмысын үйлестіру болып табылады. Бұл ретте тұрақты артикуляциялық жаттығулар жасау көмектеседі. Оларды күн сайын 2-3 минут айна алдында жасау керек.

Балалар өз дауыстарын жеткілікті түрде басқара алмайды (ақырын және қатты сөйлеу, сөйлеу қарқынын өзгерту, интонациялық мәнерлілік құралдарын дұрыс қолдану). Балаларды айналасындағылардың сөзін мұқият тыңдауға үйрету, есту зейінін дамыту қажет. Ол үшін әртүрлі шулы ойыншықтар мен ойындарды (қағаз, қасық, барабан, балға, қоңырау және т.б.) қолдануға болады. Мысалы, бала теріс қарап отырады, ал ересек әртүрлі заттармен дыбыстар шығарады. Бала бұл ненің дыбысы екенін табуы керек? Бұл жастағы балалар көбінесе ақырын немесе керісінше қатты сөйлейді, сыбырлап сөйлеуді білмейді. Сондықтан келесі міндет – балаларды өз дауыстарын әртүрлі қарқынмен (қатты, ақырын сөйлеуге үйрету) өзгертуді, яғни дауыс аппаратын дамыту. Осы мақсатта әртүрлі көлемдегі ойыншық жануарлардың жиынтығын қолдануға болады. Олармен «Айқайлап жатқан кім?», «Үлкен – кіші» сияқты ойындарды ойнай отырып, балаға жоғары, төмен және тембрі әртүрлі дыбыстарға еліктеуді үйрету, мысалы, мысық қалай мияулайды, ал сиыр қалай мәңгіреді, қой маңырайды?

Есту арқылы қабылдауды дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастырудың маңызды алғышарты болып табылады. Дыбыстарды дұрыс айтуда тыныс алу да маңызды рөл атқарады. Кейбір дыбыстарды айту үшін жеткілікті күшті дем шығару қажет (в, ф, с, з және т.б.). Бұл жастағы балалардың әдетте, дем шығаруы әлсіз және қысқа болады. Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту үшін тыныс алу жаттығуларын жасау, онда балалар мұрын арқылы тыныс алады және дем шығару кезінде белгілі бір дыбысты айтады.

Үй жағдайында «алақандағы қар ұшқындарын» (мақта кесектері), сабын көпіршіктерін және т.б үрлеуді ұсынуға болады.

Осылайша кіші жастағы балаларды сөйлеудің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеуде дыбыстарды дұрыс айтуды бекітуге, сөздер мен сөз тіркестерін анық және түсінікті айтуды дамытуға, дауыс және артикуляциялық аппаратты жетілдіруге, есту арқылы қабылдауды дамытуға бағытталады. Баланы ойыншықтар мен ойын құралдарын қолданбай, тек сөйлеу арқылы дамыту мүмкін емес. Ойыншықтармен ойнау арқылы бала жаңа дағдыларды меңгереді, сондықтан олар баланың жасына және даму деңгейіне сәйкес қызықты, күрделі болуы керек. Бір ойыншық немесе ойын әртүрлі міндеттерге жету үшін қызмет ете алады.

Балаларға айтылған сөздерді суретпен немесе затпен сәйкестендіруге, әртүрлі құрылымдағы сөздерді анық айтуға, сұрақтарға жауап беруге, дыбыстарға еліктеу арқылы оларды қатты және ақырын айтуға үйрететін есту зейінін, сөздерді дұрыс қабылдауды дамыту үшін үй жағдайында қолдануға болатын ойыншықтар мен ойындар ұсынылады.

3-4 жастағы балалардың сөйлеуін дамытуға арналған ойыншықтар мен ойындар:

ойыншықтар жиынтығы (жануарлар, құстар...)

- дыбыстарға еліктеуді нақтылау үшін: Мө-мө-мө, Бә-бә, Мяу-мяу және т.б.;

- сюжетті-рөлдік ойындарды ұйымдастыру («Хайуанаттар бағы», «Ферма»);

текшелер – ойлауды, үлгі бойынша жұмыс жасай білуді, көру арқылы есте сақтау қабілетін дамытады. Текшелердегі суреттер бойынша қойылатын сұрақтар:

- Бұл не? Ол қайда өседі? Оның түсі қандай? пішіні қандай?;

- Бұдан не жасауға болады?;

- Бұл не? Оның қандай дене бөліктері бар? Ол қайда тұрады? Оның төлі қалай аталады? Немен қоректенеді?.

Ермексаз және мүсіндеуге арналған паста – қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдауды және қиялды дамытады.

Балаға шарларды домалатып олардан бәліштер мен сақиналар жасауға үйрету – «Қонжыққа сыйлық» ойыны (шарлар – «жидектер», «алмалар», бәліштер - «печенье»); ермексазды қатты қағазға жағып, оған түрлі фигуралар мен заттар түрінде бұршақ, үрме бұршақ, макарон, моншақтарды бастыру қажет.

Жұмсақ ойыншықтар, қолға (қолғап) және саусаққа киілетін ойыншықтар (саусақ ойыншықтары):

- қолдың ұсақ моторикасын, дауыс интонациясын, дыбыстарға еліктеу дағдыларын дамытады

- таныс ертегілерді ойнау үшін қолданылады.

Шулы ойыншықтар – сылдырмақтар, сыбызғылар, ойыншық музыкалық аспаптар:

- баланың есту қабілетін дамытады, оларды дыбыстарды тыңдауға ынталандырады.

- Ойындар: «Мен қандай аспапта ойнадым?», «Бұл ненің дыбысы?» және басқалар.

Ұсақ конструкторлар, бұрамалы ойыншықтар, баулар, мозаика, пазлдар, қыздарға арналған сәндік бұйымдар жиынтығы:

- қолдың ұсақ моториканы дамыту, «тұтас» және «бөлік» туралы түсінік қалыптастырады, баланың қиялын және шыдамдылықты дамытады.

Әртүрлі материалдардан жасалған ойыншықтар мен заттар (ағаш, пластмасса, жүн, мата, тоқыма, металл және т.б.):

- сөздік қорды (белсенді және пассивті) сөздермен – заттардың және олардың бөліктерінің атауларымен, белгілерімен байыту.

Ойындар: «Сиқырлы қоржын», «Ойыншықты сипаттамасы бойынша табу» («Бұл жұмсақ ойыншық. Түсі-ақ. Құйрығы қысқа, құлағы ұзын. Сәбізді жақсы көреді, секіреді» - қоян); «Жануардың дене бөліктерін атау» (мысық – денесі, басы, аяқтары, табаны, тырнағы, құйрығы, құлағы, көзі, мұрты).

Балаларға арналған лото және басқа үстел үсті ойындары – қағаздағы суреттерді шағын карточкалармен жабу арқылы бір уақытта бірнеше дидактикалық міндеттерге қол жеткізуге болады.

Балаларға арналған лотоны қолданудың әдістері
сөйлеуді дамыту және дыбыстарды айту:

- суреттердің атауларын анық айту.

- барлық суреттерді карточкалармен жапқан кезде - оларды есте сақтау және атау.

есте сақтауды дамыту:

- суретпен байланысты екі-үш әрекетті атау: секіреді, жүгіреді, домалайды;

- суретте бейнеленген заттың 2-3 белгісін атау: дөңгелек, қызыл, резеңкеден жасалған.



Ойындар қарапайым және өте қысқа болуы тиіс. Бірақ, баланың бастаған ісін аяғына дейін жеткізуін қадағалау.

Ойындар – баланы қарым-қатынас жасауға, жетістіктеріне қуана білуге, сәтсіздікке мұңаймауға үйретеді. Мейірімділік, қолдау көрсету, жағымды көңіл-күй – тек осы жағдайда ғана ойындар баланың дамуына ықпал етеді. Ата-аналарға үй шаруасын кейінге қалдырып, балалармен бірге ойнау ұсынылады.

Бала ересектерге еліктейді, сондықтан ата-аналардың сөйлеген сөзіне мән бергені абзал. Баламен асықпай, қысқа сөз тіркестерімен, «балалардың тілінде» емес, ана тілінде дұрыс сөйлесу, өйткені бұл көп жағдайда бала сөйлеуінің дамуын кешеуілдетуі мүмкін. Ересектер балаға дұрыс сөйлеу үлгісін көрсетуі керек.

Күн сайын балаға жасына сәйкес өлеңдер мен ертегілер оқып беру, бір кітапты бірнеше рет оқу керек болса да ашуланбай баланың танымдық қызығушылығын қолдау; кітаптардағы суреттерді бірге қарау, оқылған шығармалар бойынша сұрақтар қою ұсынылады.

Баланы сұрақ қоюға ынталандыру, баланың сөйлеуде жіберген қателерін міндетті түрде түзету (сөйлемдегі сөздерді байланыстыру, жалғауларды қолдану); қарым-қатынас барысында баланы сөйлеп тұрған адамның бет-әлпетіне қарауға үйрету, бұл жағдайда ол дыбыстардың дұрыс айтылуын оңай қабылдайды.

Баланың көрген немесе жасап жатқан әрекеттерін атау, ұсақ моториканы дамыту – яғни бала мүмкіндігінше ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған әрекеттермен айналысуы қажет. Көп уақыт алатын жұмыс болып көрінсе де балаға түймелерін салуға, аяқ киімінің бауын байлауға, жеңін қайыруға мүмкіндік беру. Ал бала жаттығуды өзі киінуден емес, алдымен қуыршақтарға киінуге көмектесуден тіпті ата-анасына көмек беруден бастаған дұрыс.

Отбасында баланың экран уақыты қандай болуы керек? Тілінің дамуына әсері қандай?

Цифрлық қоғамның дамуы, цифрландыру процесі, жасанды интеллектінің қолдану талаптары ғалымдарды мектепке дейінгі кезеңнен балаларға электронды құрылғылардың ұрпақтың психикалық дамуына әсерін зерттеуге итермелейді (Tremblay et al. 2011). Әр отбасының өміріне цифрлық технологиялар тереңдей түсуде. Қазір көп интернет дәуірінде дүниеге келген балалардың смартфондар ата-аналары болады, ал балалар планшеттермен және смартфондармен танысуы алғашқы айларынан басталып отыр.

Әдебиеттерге шолу екі жаңа ұғымның қолдануын байқадық: "экрандық технологияны (Теледидарлар, Компьютерлер / Ноутбуктер, бейне ойындар, Смартфондар, планшеттер / iPad және портативті электронды немесе ойын құрылғылары) "экран уақыты" деп аталатын уақытты және "жасыл уақыт" деп аталатын табиғатта өткізген уақытты" (Oswald және т.б. 2020). "Кең мағынада" жасыл уақыт" кезінде өткізілген уақыт ретінде анықталады туған орта. Оған кіреді: еріксіз жасыл кеңістіктерге әсер ету және / немесе жергілікті

элементтерді көгалдандыру арқылы өлшенеді тұрғын үйлер немесе айналадағы көгалдандыру деңгейі, қоғамдық пайдалану орындарының қолжетімділігі жасыл алаңдар және т.б. Жасыл ортада болу ұзақтығы да, белсенділік сапасы да ескеріледі "(Освальдет al. 2020, 3).

Бала тәрбиеленетін отбасылық сөйлеу ортасы соңғы 20 жыл ішінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырады (Ефимова және басқалар 2014; Николаева және басқалар. 2023). Сонымен қатар, сөйлеу қабілеті бұзылған балалар саны артты. Кейінірек ана тілін меңгеру бірқатар экзогендік және эндогендік факторлармен байланысты болуы мүмкін (Ефимова және басқалар 2018). Бірақ цифрлық технологиялар баланың сөйлеу дамуының сәттілігі сапасына да байланысты болатын үйдегі сөйлеу ортасына әсер ете ала ма деп ойлау заңды ма?

Зерттеуде Я.А. Р. Логан (Логан және басқалар. 2019) және бірлескен авторлар АҚШ-та ата-аналардың кем дегенде 25% - ы ешқашан балаларына оқымайтынын көрсетті, өйткені олар диалогтың құндылығын түсінбейді баланың дамуына арналған оқулар. Проан авторларының жиі оқылатын 60 балалар лизингке алынды сөздердің санын бағалау үшін кітаптар балалар кітаптарды дауыстап оқығанда естиді. Күнделікті ата-аналардың ата-аналары- балаларымен бірге бір кітаппен ериді жасөспірімдер, балаларын жылына шамамен 78000 сөзбен таныстырады. Өмірдің алғашқы 5 жылында оқуды әдетке айналдырған отбасылардан шыққан балалар дауыстап қарағанда 1,4 миллион сөз көп естіледі ешқашан оқымайтын балалар. Жобаның нәтижелері Бразилияда жарияланды, онда ата-аналарды сәбилер мен жас балаларға кітап оқуға үйрету бағдарламалары енгізілді, сондай-ақ аз қамтылған отбасылар қабылдай алатын кітапханалар құрылды балалар кітаптары. Маңызды нәтижелердің бірі мұндай бағдарламалар экранның азаюына айналды балалардың уақыты және мағыналы ұлғаюы сөздік 11 ай бақылаудан кейін (Piccolo et al. 2022). Балаға кітап оқу-сауаттылықты үйрету үшін қажетті сөйлеу мен дағдыларды ерте дамытуға көмектесетін дәлелденген құрал. Бұл құрал сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға да қатысты (Daniels et al. 2021).

Профессор А.Н.Веракса және басқа ғалымдардың бірлесуімен 4,5–7,5 жастағы балалардың 1029 анасының қатысуымен зерттеу жүргізіп, экран уақытысын қолданудың жағдайын анықтау мақсатында зерттеу жүргізген. Зерттеу жұмысында мектеп жасына дейінгі балалар апта күніне қарамастан аптасына гаджеттерге (7 сағат) телевизор қарауға (13 сағат) көбірек уақыт өткізетіні көрсетілген. Демалыс күндері экран уақыты жұмыс күндеріне қарағанда, теледидар көру және гаджеттерді пайдалану үшін көбірек,. Сондай-ақ, экран уақыты 4,5-тен 7,5 жасқа дейін өсетіні көрсетілген, бұл өсу теледидар көруден гөрі гаджеттермен өткізілетін уақыттың ұлғаюымен байланысты. Осыған байланысты кейбір зерттеулердің мәліметтеріне тоқталайық. А.К. Przybylski., N Weinstein зерттеуінде балалардың жасы мен экран уақытын байланыстыру мәселесінде мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігі жасы өскен сайын белсенді және ұзақ уақыт қолдана бастайтынын көрсететін

нәтижелер алынды. Орташа алғанда, 2-4 жастағы балалардың экран уақыты шамамен 2,5 сағатты құрайды, ал 5-8 жастағы балалар 3 сағаттан асады. Айта кету керек, мамандар балаларды қоршауға кеңес береді

Экран уақытымен өзара әрекеттесуден 2 жасқа толмаған балаларды шектеу, өйткені олар эмоционалды-тұлғалық және когнитивті дамуға теріс әсер етуі мүмкін, себебі 2 жасқа дейінгі балаларға цифрлық құрылғылар оқытуда іс жүзінде қол жетімді емес (Bozzola E., Spina G., Ruggiero M., Radesky J.S., Christakis D.A.). Осыған қарамастан, кейбір отбасыларда сәбилер -күніне орта есеппен 50 минут гаджеттерді пайдаланады және теледидар көреді (Батенова Ю.В.). Мектеп жасына дейінгі балалар үшін (2-5 жас) экран уақытын жоғары сапалы мазмұнмен күніне 1 сағатқа дейін шектеу ұсынылады. Экранның ұзақ немесе сапасыз уақыты баланың танымдық дамуына, сөйлеуіне және оқу үлгеріміне теріс әсер етуі мүмкін. Сапалы мазмұнды таңдау және баланың экранмен өзара әрекеттесуі ата-аналармен қарым-қатынас пен нақты әлемдегі ойындарды алмастырмайтындығына көз жеткізу маңызды. Балалардың экран алдында өткізетін уақыты жасына байланысты шектелуі керек және әртүрлі жас топтарына арналған бірқатар ұсыныстар бар. Кішкентай балалар үшін (5 жасқа дейін) ең аз уақыт ұсынылады, ал сәбилерге экрандарды мүлдем пайдалану ұсынылмайды. Қорытындылай келе экран уақытына қатысты дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) және Американдық Педиатрия Академиясы (АРА) белгілеген 0- 2 жасқа дейін экран алдында уақыт өткізбеу: 2 - 4 жасқа дейінгі - күніне 1 сағ, 5 - 17 жастағылар күніне 2 сағаттан аспауы туралы ережені қарау ұсынылған. Осы уақыт шектеулерін балаларды экран уақытын өткізуде ескеру қажет. Ата-аналардың өздерінің жеке экран уақытын реттеуі баланың гаджеттерді пайдалану уақытын тікелей қысқаруына, гаджетпен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруда немесе теледидар көруде әсері көрінеді. Сонымен қатар балаға қосымша білім беруді ұйымдастыру, кітап оқып беру оның гаджеттерге немесе теледидар көруге кететін уақытын азайтады.

Зерттеуде Я.А. Р. Логан (Logan et al., 2019) және бірлескен авторлар АҚШ-та ата-аналардың кем дегенде 25% - ы ешқашан балаларына диалогтық әңгімелесу арқылы кітап оқымайтынын көрсетті, өйткені олар баланың дамуына арналған диалогтың, кітап оқудың құндылығын түсінбейді. Авторлар балалардың кітапты дауыстап оқыған кезде еститін сөздерінің санын бағалау үшін ең көп оқылатын 60 балалар кітабын талдады. Күн сайын балаларымен бір суретті кітап оқитын ата-аналар балаларын жылына шамамен 78 000 сөзбен таныстыратыны белгілі болды. Жалпы алғанда, өмірдің алғашқы 5 жылында дауыстап оқып беру әдетке айналған отбасылардың балалары ешқашан оқымайтын балалардан 1,4 миллион сөзден артық естиді. Бұл жобаның нәтижелері Бразилияда жарияланды, онда ата-аналарды сәбилер мен жас балаларға кітап оқуға үйрету бағдарламалары енгізілді, сондай-ақ аз қамтылған отбасылар қабылдай алатын балалар кітаптарынан кітапханалар құрылды. Мұндағы маңызды нәтижелердің бірі бағдарламалар экран

уақытының азаюына ықпал етті. балалардың уақыты және 11 айлық бақылаулардан кейін сөздік қорының айтарлықтай өсуіне әсер етті (Piccolo et al. 2022). Балаға кітап оқу-сауаттылықты үйрету үшін қажетті сөйлеу мен дағдыларды ерте дамытуға көмектесетін дәлелденген құрал. Бұл құрал сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға да қатысты (Daniels et al. 2021). Көбінесе қазіргі ата-аналар кітапты мультфильмге немесе аудиокітапқа ауыстыруда ешқандай қиындық көрмейді. Дегенмен, кітапты экранмен ауыстыру сенсорлық шамадан тыс жұмыс және одан кейінгі оқу қиындықтары сияқты бірқатар жағымсыз салдарға әкеледі (Вятлева 2022). Ерте жастан балаларды кітап пен мультфильмнің сөйлеуді дамыту үшін рөлін салыстырмалы түрде қарасақ келесі кемшіліктері кездеседі. Кейіпкерлердің сөйлеудегі артикуляциясы сөйлеуге сәйкес келмейді, өйткені сөйлеуді меңгеру аудиовизуалды интеграция негізінде жүреді. Сөйлеуді қабылдау кезінде визуалды және акустикалық сигналдарды өңдеуде үйлесімділіктің болмауы аутизмге тән (Chita-Tegmark et al. 2015). Сондықтан ата-аналар, балаларға кітап оқып беруді дәстүрге айналдырайық. Сіздерге бала тіліндегі түрлі бұзылыстардың алдын алу үшін саусақ жаттығуларын, артикуляциялық жаттығулар, тіл ұстарту жаттығуларын, санамақта, жаңылтпаштар, диактикалық ойындар ұсынылады.

САУСАҚ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

«Алма бағы»

Алма баққа барайық, *(Екі саусақ ұшымен жүру)*

Алма жинап алайық. *(алма тергендей қимыл көрсету)*

Қол жетпесе алмаға, *(қолды жоғарыға созу)*

Секіріп қол созайық.

Ең үлкенін дәмдісін, *(саусақтарды ауада үлкен етіп дөңгелету)*

Әжемізге сыйлайық. *(табыс ету)*

«Он саусақ»

Жалғыз саусақ тіпті де, *(Сұқ саусақты ашып жұмамыз)*

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті, *(бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)*

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды, *(бас бармақ пен сұқ саусақты және ортанғыны қосып қимыл жасаймыз)*

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ! *(он саусақты көрсетеміз)*

Қала салсақ, жол салсақ. *(қолымызды алға қарай созамыз)*

«Үй»

Қазықтарды қададым,
Кірпіштерді қаладым.
Салып алып үлкен үй,
Сүйсініп көп қарадым.

(Екі қолдың саусақтарын түзу ұстап, бір-бірінің үстіне қойып, кірпіш қалағандай қимыл жасау. Екі қолдағы кішкентай саусақтар мен бас бармақтарды бұғу, қалған саусақтарды бір-біріне тигізіп, үй жасау)

Г.Д. Абдрахимова

«Ара»

Ара гүлден гүлге ұшып,
Бал жинауға асығады.
Аю ұрлап кетпесін деп,
Ұясына жасырады.

(Алақандарын жазып, араның қанатын келтіреді. Сұқ саусақ пен ортан терек саусақты аюдың аяғы деп үстел бетінде жүргізу.)

Г.Д. Абдрахимова

«Тордағы құс»

Обал жасап құстарға,
Торға қамап ұстама!
Құс боп неге жаралды,
Еркін самғап ұшпаса?

(Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізіп, құстың торын жаса. Қолдарын айқастырып, құстың қанатын жасайды)

Г.Д. Абдрахимова

«Тоқылдақ»

Тоқ, тоқ, тоқ, тоқ, тоқылдақ,
Тынбай қойды тоқылдақ.
Отыр әні ағашты
Тұмсығымен соққылап.

(Сұқ саусақты тоқылдақтың тұмсығы ретінде ойла да, үстел бетін тоқылдату. Бір қолыңның саусақтарын жазып ағаш жаса, екінші қолыңның сұқ саусағымен ағашты тоқылдат)

Г.Д. Абдрахимова

«Қорбанбай аю»

Ну тоғайда, орманда
Аю жүрер қорбаңдап.
Тікірейтіп тікенін
Кірпі жүрер жорғалап.

(Сұқ саусақ пен шынашақты аюдың аяғы етіп, үстел бетінеде жүргізу. Он саусақты жазып, қолдарды айқастырып, кірпі жаса)

Г.Д. Абдрахимова

«Қаз»

Қаз қанатын жиып алды,
Қауырсынын жуып алды.
Оңға қарап, солға қарап,
Жерден дәнді тауып алды.
Дәннің бәрін шоқып алып,
Қанаттарын жайып алып,
Су мен жемге тойып алып,
Қаңқылдады, қаңқылдады.

(Екі қолдың саусақтарын айқастырып ұстау. Ұстаған күйде саусақтарды ашып-жабу, білезіктің буындарын оңға-солға бұру. Келесі қимыл: екі қолды білезіктің тұсынан айқастырып ұстаған күйінде, алақандарымен қанат қағу).

«Мысық пен тышқан»

Мына қолым тышқан болсын,
Мына қолым мысық болсын.
Саусақтарды жаттықтырып,
«Мысық-тышқан» ойыны болсын.
Тышқан жерді тырнайды,
Мысықты алдайды.
Оны мысық естіп қалып,
Тышқанға қарайды.
Құйрығымен мысықты
Тышқан түртіп, зып етті
Мысық оны күтіп отыр,
Тышқан інде күліп отыр!

(Балалар саусақтарын біріктіріп, қарама-қарсы ұстайды, оң қолы тышқан, сол қолы мысық. Саусақтардан мысық пен тышқанның бейнесін жасайды. Сөзіне сәйкес қимыл жасау).

«Еріншектер»

Тық-тақ, тық-тақ,

Тұр орныңнан, бас бармақ,
Балаң үйрек, сен де тұр,
Орған терек, сен де тұр,
Шылдыр-шүмек, сен де тұр,
Титтей бөбек, қане тұр.
Саусақтарым, ал жүргірі.

(Үстел үстінде жасалатын жаттығу. Саусақтар үстел үстінде жатады. Айтылатын сөзге байланысты, саусақтарды кезек-кезек көтеріп, үстел үстінде жүгіреміз).

«Кірпі»

Момақаным, алайда,
Тікенім көп абайла,
Кіріп кетсе қолыңа,
Өкпелеме жарайма!

(Үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады. Екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды).

Г.Д. Абдрахимова

«Моншақ»

Саны болар оншақты,
Шашып алдым моншақты.
Шымшып, теріп аламын,
Қорабына саламын.

(Саусақтармен моншақтың санын көрсету. Бір қолмен саусақтарды түйістіріп, «шашылған моншақтарды» екінші қолмен жинау)

Г.Д. Абдрахимова

«Ұлу»

Таса жолмен жасырын,
Ұлу келді ақырын.
Құлпынайды жей берді,
Тәттісін-ай дей берді.
Күні бойы кемірді,
Әбден тойып, семірді.
Төсек етіп шалғынды,
Біраз жатып қалғыды.
Сезіп жауған жаңбырды,
Жапырақты жамылды.

(Бір қолдың саусақтарын төмен салбыратып, пісіп тұрған құлпынайға ұқсат, екінші қолды ашып-жұмып ұлудың жүрісін сал. Бір қолыңмен екінші қолыңның саусақтарын кезек-кезек қысып, құлпынай жеген ұлуға ұқсат. Олеңдегі келесі қимылдарды өз ойыңмен жаса.)

«Торғай мен түлкі»

Торғай, маған сене ғой,
Жем берейін келе ғой.
Жақын қалды қу түлкі,
Жылдам ұшып кете ғой.

(Кішентай саусақпен торғайдың аяғын келтіріп, қалған саусақтарды жұмып, торғайдың денесін жасау. Екі қолдың саусақтарын торғайдың қанатына ұқсатып жазып, ұшқан қимыл жасау.)

Г.Д. Абдрахимова

«Жаңбыр»

Бұлт қабағын түйіп ап,
Бүркеп алды аспанды.
Тырс, тырс, тырс, тырс
тырсылдап,
Жаңбыр жауа бастады.

(Саусақтармен бұлт жасау. Сұқ саусақпен үстелдің бетін тырсылдатып, жауған жаңбырдың дыбысын келтіру.)

Г.Д. Абдрахимова

«Күнге ұқсаймыз»

Қол ұстасып дөңгелеп,
Тұра қалдық екеуміз.
Өзіміз де дөңгелек,
Күнге ұқсайды екенбіз.

(Екі бала дөңгеленіп қол ұстайды. Сұқ саусақтары мен бас бармақтарының ұшын бір-біріне тигізіп, дөңгелек күн жасайды.)

Г.Д. Абдрахимова

«Өрмекші»

Өрмелеген өрмекші,
Өнерінді көрсетші.
Қалай, қайтіп тоқыдың
Мынау ғажап өрмекті?

(Саусақтармен үстел бетінде өрмелеп жүрген өрмекшінің қимылын келтіреді. Қолдарымен қарсы керіліп тұрған өрмекшінің торын көрсетеді.)

Г.Д. Абдрахимова

«Гүл тереміз»

Балалардан қалмайық,
Біз де тауға барайық.
Қызыл, жасыл гүлдерді
Теріп-теріп алайық.

(Бір қолды тауға ұқсату, екінші қолыңмен тауға шығып бара жатқан өзіңнің жүрісіңді сал. Иығыңды таудың басы деп есепте де, саусақтарыңмен гүл тергендей қимыл жаса.)

Г.Д. Абдрахимова

«Қасқыр»

Қасқыр, қасқыр, қашып кет,
Алты қырдан асып кет.
Ешкі жібін үзеді,
Қазір сені сүзеді.

(Сұқ саусағыңды бүгіп, қасқырдың тұмсығын, бас бармағыңмен құлағын, кішкентай саусағыңмен аузын келтір. Сұқ саусағың мен кішкентай саусағыңды түзу ұста, қалған саусақтарыңды бүгін ешкінің мүйізін жаса)

Г.Д. Абдрахимова

«Шынжыр»

Түрлі-түсті қағаздан
Қиып алып аз-аздан,
Бір-біріне жалғаймын,
Ұзын шынжыр жасаймын.

(Түзу ұсталған екі саусақты бір-біріне жақындатып, алыстату арқылы қайшының кескен қимылын келтіру. Бас бармағыңа сұқ саусағыңды тигізіп, жасаған дөңгелектеріңді «жалға»)

Г.Д. Абдрахимова

«Доп»

Айналдырғың добыңды,
Қытықтасын қолыңды.
Енді көтер партадан
Жаса солай қайтадан.

(Сырты бүдір кішкентай доптарды партаға қойып, екі алақаныңмен айналдыр. Кішкентай доптардың біреуін қолыңа алып, екі алақаныңның арасына салып айналдыр)

Г.Д. Абдрахимова

«Қошақаным»

Қошақаным монтиған,

Топ-томпақ боп томпиған.

Сені жақсы көремін

Жем, суыңды беремін

(Бір қолыңның саусақтарын түйістіріп қозыға ұқсат. Қозыңның жем жеп жатқанын бейнеле)

Г.Д. Абдрахимова

«Күн мен гүл»

Көтерілсе күнім,

Ашылады гүлім.

Кешкісін күн батады,

Гүл ұйқыға жатады.

(Қолдарыңды жақындатып, алақандарыңды гүлге ұқсатып аш. Қолдарыңмен жабылған гүлді жаса)

«Ұшақ»

Ақ бұлттардан асатын,

Аппақ ұшақ жасадым.

Алыс елге мен енді,

Жылдам ұшып барамын.

(Екі қолыңды жоғары көтеріп, аспандағы бұлтты жаса. Бір қолыңның саусақтарын түйістіріп жоғары көтер де, ұшаққа ұқсат)

«Тышқан»

Тышқан сенің тықырың,

Естілмейді ақырын.

Мысық келіп қалғанша,

Мұнда келіп жасырын.

(Үш саусағыңды түйістіріп, тышқандардың жүрісін сал. Алақандарыңды бір-біріне жақындатып, тышқанның інін жаса)

«Керік»

Қорбаңдайды аюым,

Секендейді қояным.

Бәрінен де жоғары

Керік бойын созады.

(Үш саусағыңды бүк, қалған екі саусағыңмен аюдың жүрісін сал. Қолдарыңды жоғары көтеріп, керіктің бойына ұқсат.)

Г.Д. Абдрахимова

«Алыптар мен балықтар»

Теңіздегі алыптар

Ауыздарын ашады.

Кіп-кішкентай балықтар

Жылдам жүзіп қашады.

(Екі алақаныңды бір-біріне қаратып, саусақтарыңды жазып, аузын қатты ашқан үлкен китке ұқсат. Саусақтарыңды біріктіріп, алақандарыңды бір-біріне тигізіп, кішкентай балықтарға ұқсат.)

Г.Д. Абдрахимова

«Саңырауқұлақ»

Саңырауқұлақ, расында

Естімей ме құлағың?

Шуласақ та қанша біз,

Меңірейіп тұрасың.

(Бір қолыңмен саңырауқұлақтың қалпағын, екінші қолыңмен денесін келтір.

Екі қолыңның саусақтарымен партаны тықылдатып, шулап алуыңа болады)

Г.Д. Абдрахимова

«Бұзауқан»

Жаңа туған бұзауқан

Қорқып алыс ұзаудан,

Қалтаң-қалтаң етеді,

Енесіне жетеді.

(Екі саусағыңмен жаңа туған бұзаудың жүрісін сал. Баласы мен анасына ұқсатып, бір қолыңмен екінші қолыңды құшақтат)

Г.Д. Абдрахимова

«Гүлдің иісі»

Қызыл, жасыл гүлдердің,

Исін-ай, исін!

Жұпар шашып, елітіп,

Алып кетті үй ішін.

(Екі қолыңның саусақтарын жазып, гүлге ұқсат. Қолдарыңды желпіп, гүлдің хош иісін сезінгендей бол.)

Г.Д. Абдрахимова

«Африкадағы аңдар»

Африкада қапырық,
Арыстан жүр ақырып.
Балаларын іздеп жүр,
Піл барлығын жапырып.
Маймылдар жүр алысып,
Бір-бірімен жарысып.
Жайбарақат керік тұр,
Бәрін байқап, көріп тұр.

(Саусақтарыңмен арыстанның аузын ашып, ақырғанын келтір. Кішкентай саусақтарыңды бір-біріне тигізіп, алысқан маймылдарға ұқсат.)

Г.Д. Абдрахимова

«Қолшатыр»

Ылғал етіп ауаны,
Жаңбыр жиі жауады.
Алда алыс жол жатыр,
Кел ұстайық қолшатыр.

(Саусақтарыңмен парта бетін тырсылдатып, жауған жаңбырдың дыбысын келтір. Екі қолыңды жоғары көтеріп, қолшатырға ұқсат та, біраз уақыт ұстап тұр.)

Г.Д. Абдрахимова

«Аққала»

Мынау тұрған аққала,
Айнымаған ақ бала.
Мұрны сәбіз сорайған,
Көзі көмір-қап-қара.

(Екі қолыңның саусақтарын жазып, аққаланы ауада бейнеле. Екі саусағыңмен аққаланың сәбізден жасалған мұрнын көрсет..)

Г.Д. Абдрахимова

«Мұз бұлақ»

Мынау тұрған мұз бұлақ,
Қорықпаймыз бірақ.
Секіріп одан өтеміз,
Ары қарай кетеміз.

(Бір қолыңды парта бетіне жатқызып, мұз бұлақ жаса. Екінші қолыңмен өзіңнің жүрісіңді келтір.)

Г.Д. Абдрахимова

«Мысық»

Пеш түбінде мысық отыр, *(Басбармақ, ортантерек, шылдыршүмек үшеуі жұмылады)*

Екі көзін қысып отыр.

(Ортантерек пен кішкене бөбек көздері боп саусақтарды қимылдатады)

Тышқан етін жегісі кеп, *(Басбармақ, ортантерек, шылдыршүмек үшеуі бір-бірін қашай қозғалтады)*

Тісі оның қышып отыр.

«Достық»

Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. *(қолдың саусақтары өзара бірігеді)*

Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз, *(екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)*

Бір, екі, үш, төрт, бес, *(шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)*

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес,

Енді санауды аяқтадық. *(қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).*

«Салат»

Сәбізді алып тазалаймыз *(оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)*

Үккішпен үгіп майдалаймыз *(екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)*

Қанттан сеуіп дәмдейміз *(саусақтардың ұшымен қант себеді)*

Міне дайын нәр тағам *(екі қолын алдына жайып көрсетеді).*

Дәруменге байыған *(алақанымен іштерін сипалап, тойгандықтарын көрсетеді).*

«Мысық пен тышқан»

Тышқан қашты мысықтан, *(Еденде саусақтармен қашады)*

Қатты –қатты жүгірді. *(Жылдам жүгіреді)*

Орын тапты қуыстан, *(Екі қолының саусақтарын айқастыра жұдырықтайды)*

Зәресін мысық ұшырды.

Қарады мысық тесіктен, *(Көздерімен жан-жаққа қарайды)*

Тышқанға бері шық,- деді. *(Қабағын түйеді)*

Еденді ұрды «Тук-тук» деп, *(Айқасқан жұдырығымен еденді ұрады)*

Тырналады, кетпеді. *(Еденді тырналайды)*

Былай-былай тартады. *(Айқасқан жұдырығын екі жаққа тартады)*
Бұза алмады қамалды.
Амалы құрып мысықтың,
Үйіне қарай қайтады.
Қуанып тышқан есікті, *(Айқасқан жұдырығына қарап үрлейді)*
Жәй ғана кеп үрледі.
«Алақай, есік ашылды», - деп, *(Қолдарын айқара ашады)*
Ініне қашып үлгерді. *(Еденде қайта жүреді)*

«Ешкі»

Күнде тәртіп бұзыпты,
Балаларды сүзіпті.
Жемістерді үзіпті,
Мүйізіне тізіпті
(Балалар бас бармақ, ортан терек, шылдыр шүмек саусақты бүгеді. Қалған екі саусақпен ешкінің мүйізін салады. Екінші қолды жұдырық етіп түйіп, ешкінің мүйізімен түйілген жұдырықты сүзіп, өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды)

«Әтеш»

Әдемі әтеш,
Таң атпай тұрыпты.
Ойқастап жүріпті,
Жан-жаққа қарапты.
Айдарын тарапты
(Бас бармақ пен балаң үйрек саусақты бірге қосып әтештің тұмсығын бейнелейміз. Қалған саусақтар әтештің айдары болады. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасаймыз.)

«Қайық»

Қайық суда жүзеді,
Сақинасын тізеді.
(Екі алақанды қосып, қайықтың бейнесін жасап, қозғалта қимылдар жасаймыз. Екі қолдағы бас бармақты бірге көтеріп, түсіреміз.)

«Барабанда ойнаймыз»

Орындалуы: Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады

«Біздер – ұстамыз»

Орындалуы: Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге», ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.

«Дүрбілер»

Орындалуы: Балалар бас бармағы мен сұқ саусағын біріктіріп шеңбер жасайды да, тәрбиешінің «дүрбімен қарайық» деген белгісі бойынша саусақ шеңберінен жан-жағына қарайды.

«Кір жуамыз»

Орындалуы: Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады.

«Қимылды қайтала»

Орындалуы: педагог балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «пішінді» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Ал, балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.

Артикуляциялық жаттығулар

«Күшік»

Орындалуы: Ауызды сәл ашып, үстіңгі ерін мен үстіңгі тістердің арасына тілді қойып, осы қалыпта 5 секундтай ұстап тұру қажет.

«Ине»

Орындалуы: Ауызды кең ашып, тілді алға қарай созып, оны 10-15 секунд ұстап тұру. 3-4 рет қайталанады.

«Төбешік»

Орындалуы: Ауызды жартылай ашып, тілдің ұшын астыңғы тістің артқы жағына қойып, сол қалыпта ұстап тұру. 4-5 рет қайталанады.

«Мысық»

Орындалуы: күлімсіреу, үстіңгі және астыңғы тістердің арасын қосып, тілдің ұшын алдымен үстіңгі тістерге, содан кейін төменгі тістерге тигізу. 3-4 рет қайталанады.

«Жылан»

Орындалуы: Ауызды кең ашып, тілді созып, ауыз қуысынан шығару, қайтадан ауыз қуысына, орнына қою. 3-4 рет қайталанады.

«Тістерді тазалайық»

Орындалуы: Күлімсіреу, ауызды сәл ашып, тістерді көрсету және тілдің ұшымен үстіңгі және астыңғы тістерді сыртқы және ішкі жағынан жүргізу (тістерді тазалау). 4-5 рет қайталанады.

«Сағат»

Орындалуы: Ауызды ашу, тілді ауыз қуысынан шығарып, оңға, солға баяу қозғалту. 15-20 рет қайталанады.

«Күрекше»

Орындалуы: Күлімсіреу, ауызды сәл ашып, тілдің жалпақ ұшын төменгі ерінге қою. Осы қалыпта тілді 1-10 дейін санау бойынша ұстап тұру керек.

«Кесе»

Орындалуы: Ауызды кең ашып, тілді жалпақ етіп, тілдің бүйірлері мен ұшын көтеріп бұғу. Осы қалыпта 5 секунд ұстап тұру.

«Тәтті тосап»

Орындалуы: Жалпақ тілді шығарып, жоғарғы ерінді жалап, тілді ауыз қуысына апару керек. 10-15 рет қайталау

«Ат шауып келеді»

Орындалуы: Жымиып тістерді көрсетіп, ауызды сәл ашық ұстап, тілдің ұшымен таңдай қағу. 10-15 рет қайталау

«Әткеншек»

Орындалуы: Күлімсіреу, ауызды ашу тіл ұшын үстіңгі тістердің артына, содан кейін астыңғы тістердің артына қою. 4-5 рет қайталанады

«Футбол»

Орындалуы: Тілдің жіңішке ұшын ауыз қуысында оңға-солға қозғап, тілді ауыз қуысында доп сияқты қозғалту керек. Жаттығу 4-5 рет қайталанады

«Тарақ»

Орындалуы: Ауызды ашып, тілді төменгі ерінге қарай созып, үстіңгі тісті тілдің үстіне қойып «тарақ сияқты тарау», тілді қайта ішке кіргізу. 3-4 рет қайталау қажет.

«Терезе»

Орындалуы: «Ыстық»-ауыз ашылады, (тістер көрініп тұруы қажет) «суық»-ауыз жабылады. 3-4 рет қайталанады.

«Бақа»

Орындалуы: Күлеміз, тістерімізді көрсетіп, ернімізді екі жаққа керіп күлеміз. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.

«Піл»

Орындалуы: ернімізді жауып тұрып, ерінді алға қарай созамыз, піл тұмсығын көрсетеміз. 3-4 рет қайталаймыз.

«Ара ызылдайды»

Орындалуы: Ауызды ашамыз. Тіл тостаған сияқты жоғары көтеріліп, екі жақтары күрек тіске тіркелген. Тілдің алдыңғы ұшы бос болып, тілдің ортасынан ауа өтіп, «дзз», «джж» дыбыстарын айтамыз. 3-4 рет қайталаймыз.

«Саңырауқұлақ»

Орындалуы: Күлеміз. Аузымызды кең ашып, жалпақ тілді таңдайға жапсырып ұстап тұру қажет. 5-6 рет қайталанады.

«Түтікше»

Орындалуы: Тіл ауыздан шығарылады да, түтікше түріне енгізіліп, 5 ке дейін санағанша ұстап тұру қажет. Жаттығу алдымен айна алдында жасалынады. Жаттығу 6 - 8 рет орындалады.

«Сылақшы»

Орындалуы: ауыз кең ашық, тілдің ұшымен қатты таңдайды сылау. Бағытын өзгерте отырып, 10-15 рет қайталау.

«Тоқылдақ»

Орындалуы: Тілдің ұшы үстіңгі азу тістердің артындағы қатты таңдайға тиеді, ауыз қуысынан шықпайды. Тілдің ұшын бүкпей, түзу ұстау керек. Астыңғы жақ пен еріннің қимылдауы қажет. Жаттығу 5-10 рет қайталанады

«Кәмпит»

Орындалуы: Ауыз жабық. Тілді ауыз қуысында оң жаққа сосын сол жаққа қозғалту қажет. Жаттығу 5-10 рет қайталанады.

«Маймыл»

Орындалуы: Ауызды аздап ашып, тілді төменгі ерін мен төменгі тістер арасына қойып, оны осы күйде кем дегенде 5 секунд ұстаңыз.

«Құймақ»

Орындалуы: Ауызды аздап ашыңыз, босаңсыған тілді төменгі ерніңізге қойыңыз, тілдің шеттері ауыздың бұрыштарына тиіп тұруы керек. Тіліңізді осы күйде 5-10 секунд ұстаңыз.

«Жалпақ тіл»

Орындалуы: Ауызды ашып, ерінді жымыып ашып, жалпақ тілді астыңғы ерінге тигізіп, осы қалыпта (5-10-ға) ұзақ ұстап тұру. Жаттығуды орындау барысында қадағалау қажеттілер: ерінді тым кең созбау керек.

«Ожау»

Орындалуы: ауызды кең ашып, жалпақ тілді көтеріп жоғары тістерге созып, бірақ тигізбей ұстап тұру керек. жаттығу 4-5 рет қайталанады.

«Көңілді тіл»

Біздің ауызымызда Көңілді Тіл өмір сүреді. Оның үйшігі - ауыз. Көңілді, тентек тіл бір орында отыра алмайды. Сондықтан ол үйшігінен шығып жан-жағына қарайды. Оң жағына қарайды, сол жағына қарайды. Көңілді Тіл күнде ертемен далаға шығып, жан-жағына амандасады.

Орындалуы: Тілді сыртқа шығарып, ырғақпен оңға –солға, солға-оңға бұрады. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.

«Қазы-қарта тураймыз»

Орындалуы: Ауызымызды ашып, бір-бірімізге не айнаға қарайық. Ауызды ашсақ әдемі тістер көрінеді. Тісіміз өткір, пышақ секілді. Осы тістердің көмегімен біз ауызға түскен тамақты тістеп, кесіп, бөлшектеп жейміз. Ал тіліміз қазы-қарта секілді ет екен. Ендеше қазы-қарта турайық.

Тілді біртіндеп баяу шығарып, тіспен тістейміз. Туралған қазы-қартаны ауызға саламыз. Осылайша тіл кері ауызға қайтарылады. 3-4 рет қайталайды.

«Балапанның тұмсығы»

Орындалуы: Ерінді жұмылдырып, алға сүйірлеп шығарамыз, сосын бірден тез күлеміз. жаттығу 3-4 рет қайталанады.

«Әдемі күлімде»

Орындалуы: Ерінімізбен жымыып езу тартамыз, сосын бастапқы қалыпқа келеміз. жаттығу 5-6 рет қайталанады.

«Атты тоқтатындар»

Орындалуы: екі ұртты да томпитып аламыз, содан соң, алдымен біреуін, кейін екіншісін саусақпен басамыз. жаттығу 5-6 рет қайталанады.

«Маса»

Орындалуы: күлімсіреп, ауызды кең ашыңыз, тіліңіздің ұшын төменгі ішкі жақтан тістің астына қойып, «дззззз» деп айтамыз. 10-15 секундқа орындаймыз.

ТІЛ ҰСТОРТУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

Үз- үз-үз – жайдарлы алтын күз.

Ұс-ұс-ұс – ұшып кетті құс.

Ек-ек-ек – аспада бұлт көк.

Ік-ік-ік – қандай тәтті ірімшік.

Ық-ық-ық – қандай дәмді шұжық.

Ық-ық-ық – үлкен қасық.

Ай-ай-ай – сары май.

Ыс-ыс-ыс – келіп қалды қыс.

Ақ-ақ-ақ – ойнаймыз сырғанақ.

На-на – зырылдайды шана.

Ақ-ақ – айнала аппақ.

Ар-ар – жауады қар.

Үз-үз-үз – суға қатты мұз.

Ла-ла-ла – жасадық аққала.

Ра-ра-ра – ұшады ара.

Ек-ек-ек – гүлге қонды көбелек.

Ық-ық-ық – күн ыстық.

Қар, қар, қар – қарқылдайды қарғалар.

Шыр- шыр-шыр – шырылдайды торғайлар.

Рет-рет-рет – мен саламын сурет.
Яу –яу-яу – маған керек бояу.
Ғаз-ғаз-ғаз – берші маған қағаз.

Ян-ян-ян,
Жүгіріп жүр қоян.

Ю-ю-ю,
Қорбаңдайды аю.

Кі-кі-кі,
Қу түлкі.

Ыр-ыр-ыр,
Сұр қасқыр.

Тан-тан-тан,
Аң патшасы арыстан.

Қу-қу-қу,
Ұшады аққу.

Ра-ра-ра – айналаңа қара,
Ра-ра-ра – құлпырады жайқала.
Ра-ра-ра – айналаңа қара,
Ра-ра-ра – қағаздарды тастама.

Жел улейді у-у,
Құйын келіп билейді ду-ду.
Қатты-қатты жел соқты гу-гу
Жапырақтар желмен ұшты ду-ду

Се-се-се – қандай үлкен кесе,
Та-та-та – бата берді ата.
Же-же-же – бұл біздің әже,
Сы-сы-сы – біздің тату отбасы.

Ше-ше-ше – бұл біздің көше,
Үй-үй-үй – біздің үй.
Ақ-ақ-ақ – саябақ,
Мын-мын-мын – мен осында тұрамын.

Ра-ра-ра-эн салады гитара,
Ру-ру-ру – дейді этеш кукареку.
Ры-ры-ры – мен жинаймын тары,
Ер-ер-ер – самғап ұшты кептер.

Ыр-ыр-ыр – батыр!
Ты-ты-ты – мықты!
Ыр-ыр-ыр – алғыр!
Ті-ті-ті – сынайық біз күшті.

На-на-на – Астана,
Рек-рек-рек – бәйтерек.
Тан-тан-тан – мұнда фонтан!
Дақ-дақ-дақ – міне қызғалдақ.

Іт-іт-іт – қыран бүркіт.
Ер-ер-ер – айнала толы гүлдер
Ан-ан-ан – бұл біздің Отан

Та-та-та – ой суық қыста,
Яз-яз-яз – сықырлайды аяз.
Ұз-ұз-ұз – өзен үсті мұз

Іс-іс-іс,
Піседі жеміс.

Аз-аз-аз,
Жайылады қаз.

Зы-зы-зы,
Моп-момақан қозы.

Шақ-шақ-шақ,
Шабады құлыншақ,

Ғай-ғай-ғай,
Жарқылдайды найзағай,

Пан-пан-пан,
Сап-сары балапан.

Ла-ла-ла,
Арман жақсы бала.

Ыз-ыз-ыз,
Анар сүйкімді қыз.

Ра-ра-ра,
Айжан шашыңды тара.
Жан-жағыңа қара.

Са-са-са,
Ызылдайды маса,
Ағаш болар таса.

Қа-қа-қа,
Бақылдайды бақа.

Ыс-ыс-ыс,
Бүгін бізде жарыс.

Ша-ша-ша,
Ойын сауық тамаша.
Суық ай ғой – қараша.

Ал-ал-ал,
Атам екті тал.

Ас-ас-ас,
Дәмді түскі ас.

Ақ-ақ-ақ,
Сылдырайды бұлақ.

Ат-ат-ат
Ағаңа жаз хат,
Туысқа болма жат.

Ап-ап-ап,
Өз орныңды тап.

Шы-шы-шы,
Әкем менің – аңшы.
Ші-ші-ші,
Ағам менің – әнші
Әпкем менің – биші
Көкем менің – күйші.

Лау-лау-лау,
Желбіреді жалау.
Лапылдайды алау.

У-у-у ,
Желбіреді ту.
Таза болсын су

Қа-қа-қа,
Менде үлкен сақа.

За-за-за,
Болсын қолың таза.

Ла-ла-ла,
Қандай әсем қала!
Қандай кең дала!

Аз-аз-аз,
Қаңқылдайды қаз.
Келіп қалды жаз.

Ша-ша-ша, біздің балабақша,
Ша-ша-ша, балабақша тамаша.

Қап-қап-қап,
Әдемі қолғап.

Бұл-бұл-бұл,
Сайрайды бұлбұл.

Ел-ел-ел,
Соғады жел.

Ақ-ақ-ақ,
Секендеген лақ.

Еш-еш-еш,
Шақырады әтеш.

Аз-аз-аз,
Жайдары жаз.

Тем-тем-тем,
Көңілді көктем.

Өс-өс-өс
Ұстаның құралы төс.
Жігіт болып өс.

Да-да-да
Малдар қорада.

Ша-ша-ша
Ойын сауық тамаша.
Суық ай ғой – қараша.

Ұр-ұр-ұр
Қоянның түсі сұр.
Сөзге мойын бұр.

Ұс-ұс-ұс
Аққу парасатты құс.

Ар-ар-ар
Қыста қалың қар.

Аш-аш-аш
Ұстап алар қаш.

Үр-үр-үр
Аман-есен жүр.

Йе-йе-йе
Сөзде болсын жүйе.
Ие-ие-ие
Құлындады бие.

Ыр-ыр-ыр
Жаттап жүрмін жыр.

Ыл-ыл-ыл
Қағылды дабыл.

Үй-үй-үй
Күмбірлейді күй.

Жа-жа-жа
Менің атым Қожа
Тауып алдым олжа.

Еш-еш-еш
Жауабын өзің шеш.

Ын-ын-ын
Сөзің болсын шын.

Ың-ың-ың
Қандай биік шың.

Ыс-ыс-ыс
Болсын мол ырыс.

Ер-ер-ер
Жемістерді тер.
Аға соңынан ер.

Уа-уа-уа
Қандай таза ауа!

Ау-ау-ау
Болсын денің сау!

Өр-өр-өр
Орның болсын төр!

Ма-ма-ма
Жалқау жігіт болма.

Ді-ді-ді
Сөзің болсын мәнді.
Киімің болсын сәнді.

Ай-ай-ай
Көңілің болсын жай!

Ран – ран – ран,
Соғады боран.

На – на – на,
Зулайды шана.

Дай – дай – дай,
Жинаймыз бидай.

Шек – шек – шек,
Шығады бәйшешек.

Үн – үн – үн
Ыстық күн.

Ға – ға – ға,
Шомыламыз суға.

Яқ – яқ – яқ,
Жүреміз жалаң аяқ.

Иын – иын – иын,
Болады көп ойын.

Ағайынды аралармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз
3-3-3-3-3
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз.
3-3-3-3-3

Шегірткемін шырылдақ,
Ән саламын шырылдап
ш-ш-ш-ш
Жоқ тұрақты мекенім,
Шөпті қорек етемін.
ш-ш-ш-ш

Аң біткенмен алысқан
Ақырады арыстан:
А-а-а-а-а-у
Нәзік даусы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә-ә

САНАМАҚТАР

Топ, топ, добым

Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап?
«Бір, екі», – деп, екі ұрдым,
Терезеге секірдің.
«Үш, төрт, бес», – деп үлгердім,
Ішіне ендің гүлдердің.
«Алты, жеті, – дегенде,
Жаттың шоршып еденде.
«Сегіз, тоғыз, он», – дедім,
Енді ырқыма көнбедің.
Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап?
(*Ғалым Океев*)

Бір аптада

Бір аптаның күндері өтті:
1. Дүйсенбіде гүлдер ектім.
2. Сейсенбіде алма тердім.
3. Сәрсенбіде су әкелдім.
4. Бейсенбіде бақша баптап,
5. Жұма күні тақпақ жаттап,
6. Сенбіде мен саған бардым.
7. Жексенбіде бір демалдым.

Жеті ұл

Апта деген ағайдың,
Жеті бірдей ұлы бар.
Біріншісі – Дүйсенбі,

Екіншісі – Сейсенбі,
Үшіншісі – Сәрсенбі,
Төртіншісі – Бейсенбі,
Жұма деген – бесінші ұл.
Алтыншы ұлы ол – Сенбі,
Жетіншісі – Жексенбі.
(Қ. Жұмағалиев)

Бір – білім ал,
Екі – ерлік көрсет,
Үш – үлгі тұт,
Төрт – тәртіп керек,
Бес – бестік баға ал,
Алты – алғыс ал,
Жеті – жеңіс біздікі,
Сегіз – сенім керек.
Тоғыз – тоқу керек,
Он – оқу керек

Іскер тиін
Қалмау үшін ашығып
Қысқы азығын кеш қамдап,
Қамбасына тасыды
1,2,3,4,5 жаңғақ.
Ұйқыдан ол асылы
Көрген емес кеш тұрып.
Бүгін тағы тасыды
1,2,3,4,5 өрік.

Домалайды, тоқтамайды,
Қызыл,жасыл,сары доп.
Қызыл,жасыл,сары доп,
Сонда бәрі неше доп?

Қошақанды қайрау
Қызыл-жасыл даланы
Кезгін келсе шамалы,

Татқың келсе басқа дәм,
Қошақаным, бас қадам
Оңға қарай 1 атта –
Бас қоясың бұлаққа.
Солға қарай 1 атта –
Тойындасың құрыққа.
1,2,3,4 атта,
Жүгір,
Секір,
жортақта.
Тамақ өзі келмейді
үйден шықпас қорқаққа.

Торғай мен мысық
Көзі бірден түсіп,
Деп:
«Бұл әдемі ас болмай ма?»
Қадам басты мысық.
Бір ...
Екі ...
Үш ...
- Торғай, торғай, ұш!

Бір – екі – үш,
Қарлығаш боп ұш.
Төрт – бес – алты,
Қарлығаш боп қалқы.
Жеті – сегіз – тоғыз – он,
Қарлығаш боп қон.

Бір үйде біз нешеуіміз?
Кел санайық екеуіміз.
Бас бармағым – атам,
Балан үйрек – апам,
Ортан терек – әкем,
Шылдыр шүмек – анам,
Кішкентай бөбек – мен.
Біз үйде нешеуіміз?
Біз үйде – бесеуіміз.

Бір дегенім – белің,
Екі дегенім – егін,
Үш дегенім – үкі,
Төрт дегенім – төл,
Бес дегенім – бекіре,
Алты дегенім – адам,
Жеті дегенім – жеміс,
Сегіз дегенім – сен,
Тоғыз дегенім – тон,
Он дегенім – оң,
Он бір болады одан соң.

Бір, екі, үш,
Ал, кәнеки, ұш.
Төрт, бес, алты, жеті,
Мынау – ауыл шеті.
Сегіз, тоғыз, он,
Ал, кәнеки, қон.
Асықпа да саспа,
Бірден қайта баста.

Бір дегенім – бесік,
Шықтық содан өсіп,
Екі деген – Елім,
Далам, тауым, көгім.
Үш дегенім – Үміт,
Үміт ақтар жігіт.
Төрт дегенім – төзім,
Төзе білем өзім.
Бес дегенім – Бақыт,
Бағалайтын уақыт.
Алты деген – Ақыл,
Тыңдағаның мақұл.
Жеті деген – жалау,
Жүректегі алау.
Сегіз деген – сөзің,
Серт беретін кезің.
Тоғыз деген – тоқтау,
Елдің жоғын жоқтау.
Он дегенім – Отан,
Қорға оны, ботам!

Сандар сыры

Бір – дегенім бірлік,
Бірге ойнадық, күлдік.
Бір үйдегі көп бала,
Бір көлікке міндік.

Кел санайық санамақ

Кел санайық санамақ,
Саусақтарды даралап.
Бас бармағым алғашқы -
Балаң үйрек жалғасы.
Ортан терек – кезекші,
Шылдыр шүмек - көмекші.
Шынашағым – балапан,
Бәріне ортақ алақан.
Шылдыр шүмек –мен,
Титтей бөбек – сен.
Бір үйде біз нешеуіміз?
Бір үйде біз бесеуіміз.

Ал, санандар, санандар

Ал, санандар, санандар,
Бізде қанша адам бар?
Алдымда:
Атам, өжем бар,
Алдымда:
Әкем, анам бар.
Білмесендер біліндер,
Тағы саусақ бүгіндер.
Алдымда:
Әпкем, көкем бар,
«Аман жүрсін інім» бар.
Өзім бармын,
Інім бар,
Кіп-кішкентай күнім бар.
Қанша болдық бәріміз,
Қанша болдық?...

Біліп ал!

Амал санамақтар

Алдында үш балапан,
Артында үш балапан.
Ақ тауық пен балапан
Айтшы санын, балақан.

Бір - білім алдым,
Екі – егін салдым.
Үш – үй көшірдім,
Төрт – төл өсірдім
Бес – белге шықтым,
Алты – асық ұттым.
Жеті – желім жақтым,
Сегіз – серке бақтым.
Тоғыз – тойға бардым,
Он – отын жардым.

Бір дегенің – білеу,
Екі дегенің – егеу,
Үш дегенің – үскі,
Төрт дегенің – төсек,
Бес дегенің – бесік,
Алты дегенің – асық,
Жеті дегенің – желке,
Сегіз дегенің – серке,
Тоғыз дегенің – торқа,
Он дегенің – оймақ,
Он бір – қара жұмбақ.
Жұмбағым жұтылды,
Өрге қарай құтылды,
Оны таппаған Айнабек тұтылды.

Табақта 5 алма,
Қолымда 5 алма,

Барлығын қосқанда
Болады неше алма?

Аулада жүр балалар:
Самат, Арнат, Сашалар,
Келді және оларға
Сәуле, Шолпан ойнауға.
(Аулада барлығы қанша ұл бала ойнауда?)

Үйге кірді Алдияр,
Оған қоса Мадияр,
Кейін келді Айдана,
Қанша болды бар бала?

Бір дегенім бесік
Екі дегенім етік
Үш дегенім үй
Төрт дегенім түйе
Бес дегенім бала
Алты дегенім алма
Жеті дегенім желім
Сегіз дегенім сенім
Тоғыз дегенім той
Он дегенім ой
Онға дейін санап қой!

Бір – дегенім бірлік,
Бірге ойнадық, күлдік.
Бір үйдегі көп бала,
Бір көлікке міндік.

Жүзім жедім,
Үзіп жедім.
Жіпке алтауын,
Тізіп жедім.
Екеу жедім,
Санаңдаршы,
Нешеу жедім.

Бір, екі, үш,
Бір, екі, үш,
Бір, екі, үш,
Түрлі-түсті қарындашты,
Мен қолыма аламын.
Бес-ақ түсі болса-дағы,
Мен әлемді саламын.

Қуыр, қуыр, қуырмаш
Қуыр, қуыр, қуырмаш
Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Мен айтайын қолыңды аш!
Мынау тұрған бас бармақ,
Жұмыс содан басталмақ.
Алақанның тұңғышы
Болсын осы жылқышы.
Балаң үйрек жанында,
Бейім сиыр бағуға.
Ортан терек - ұзыны,
Түйе бақсын, қызығып!
Шылдыр шүмек - бұл саусақ,
Қой бағуды тұр аңсап.
Титтей бөбек–шынашақ,
Сен дайында жер ошақ.
Білекке енді барайық,
Онда не бар табайық:
Мына жерде күн болар,
Мына жерде түн болар.
Мына жерден ай шығар,
Мына жерден май шығар.
Бәрін айтып болдық па?
Келіп қалдық қолтыққа!
Қытық, қытық, қызық-ай,
Міне, өрік, міне, май!
Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Бидай салам, қолыңды аш.
Төгіп алмай, күлем деп,
Балапанға барып шаш!

Кел санайық, санамақ,
Саусақтарды даралап
Бас бармағым алғашқы,
Балан үйрек жалғасы,
Ортан терек атасы,
Шылдыр шүмек анасы,
Шынашағым балапан,
Бәріне ортақ алақан.

Бір – таңертең тұр.
Екі – шынығып бекі.
Үш – тазала тіс.
Төрт – сабындап жу бет.
Бес – сүртін тез
Алты – үйді жина жалпы.
Жеті – киін енді.
Сегіз – асыңды жеп, іш.
Тоғыз – ыдысты жу тегіс.
Он – сабақ оқы.
Осыдан соң, бұл санамақ жаңа
Күнде өстіп сана.

Дүйсенбіде көмектестім атама,
Сейсенбіде көмектестім апама.
Сәрсенбіде дайындалып бақшаға,
Бейсенбіде гүл егістім анама.
Жұма күні әкемді бір қуантып,
Сенбі күнгі жұмысым ол іс тіктім.
Жексенбіде отбасыммен жиналдық,
Мереке ғып бұл күнде де қуандық!

1 дегенім белдік,
Әкеме сыйға бердік.
2 дегенім етік,
Кидім жылы етіп.
3 дегенім үтік,
Киімді кидім күтіп .
4 дегенім теңге,

Теңге берді жеңге.
5 дегенім бала,
Ойлағаны дала .
6 дегенім ана,
Ойлағаны бала .
7 дегенім жылу,
Бауырмалдық қылу.
8 дегенім сағат,
Атам қолға тағат(ды)
9 дегенім тамақ,
Сүйіп жеймін жаңғақ.
10 дегенім оймақ,
Оймақпен жүр ойнап.
Аяқталды санамақ,
Айтып жүргін жаттап ап

Бір дегенім бөрік
Екі дегенім етік
Үш дегенім ішік
Төрт дегенім тымақ
Бес дегенім байпақ

Қос шардан
Достарға
Бердім:
Бек,
Оспанға,
Айгүлге,
Асқанға,
Алтынға,
Асқарға...
Өз шарым
Аспанда,
Қанша шар қосқанда?
Өктеп, жинап үйімді,
Өтектедім киімді,
Еден шаңын сыпырдым.
Қанша жұмыс бітірдім?

Бір бұзау, қос құлыншақ,
Үш ақ лақ – қуыршақ.
Малын санап Есенім,
Білмей қойды есебін.
Есептейік, кәне, біз,
Есен досқа бәріміз
Көмектесіп көрейік,
Сан үйретіп берейік!

Бір-бірімен жарысқан
Төрт аю, бір арыстан,
Үш қоян, бір мәлін бар...
Бәрі нешеу? Табыңдар...
(Ә. Табылды)

Бір үйде он баламыз,
Бір-бір жастан арамыз.
Бір жастағы – Біржан
Екідегіміз - Елжан
Үштегіміз – Үсен
Төрттегіміз – Төкен
Бестегіміз – Бекен
Алтыдағымыз – Арқан
Жетідегіміз – Жетен
Сегіздегіміз – Сөкен
Тоғыздағымыз – Тойтан
Ондағымыз – Ойқан
Жастарымызды қосыңыз,
Қосындысы қанша осының?

Бір дегенің – басбармақ,
Барлық істі басқармақ.
Екі дегенің – балалы үйрек,
Ақ қағазға салады ирек.
Үш дегенің – ортан терек,
Еңбек етіп, болған зерек.
Төрт дегенің – шылдыр шүмек,

Тілі тәтті былдыр түлек.
Бес дегенің – кішкене бөбек,
Үлкендерден үйрене бермек.

Үш алманы бақтағы
Кірпі алып жинады,
Ең әдемі біреуін
Ақ тиінге сыйлады.
Ыдыстағы алманың
Санап берші қалғанын.

Бір дегенім-бірлік,
Онсыз болмас тірлік.
Екі дегенім – еңбек,
Еңбек бәрін жеңбек.
Үш дегенім – үлес,
Үлес үшін күрес.
Төрт дегенім-терме,
Тұрған жақсы ерте.
Бес дегенім – белең,
Сан үйреніп келем.

Екі ағам – Асқар, Мүсілім,
Бір әпкем және үш інім,
Әжемді қоршап аламыз.
Бір үйде қанша баламыз?

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он саусақ.
Оң аяқта бес бақай,
Сол аяқта бес бақай.
Қосып едім екеуін
Болып шықты он бақай

Машинаның бесеуін

Егінжайға жібердім,
Машинаның бесеуін
Еділбайға жібердім.
Жұмсадым мен нешеуін,
Айтшы маған есебін...

Бір-бірімен жарысқан
Төрт аю, бір арыстан,
Үш қоян, бір мәлін бар...
Бәрі нешеу? Табыңдар...
(Ә. Табылды)

Қасқыр қақты қақпаны.
– Ашыңдар, тез!-айтқаны.
Сол-ақ екен лақтар-
Титтей-титтей шұнақтар
Жан-жағына жүгірді,
Жасырынып үлгерді.
Бірі – төсек астына,
Бірі – пештің қасына,
Бірі – сәкі астына,
Бір – астына керует,
Бірі – тапқыр керемет,
Отыр бөшке түбінде,
Қанша лақ бар бұл үйде?

Бірді бірге таяп қой.
Екеу болар қос таяқ ,
Цифры оның тап мына
Ұқсайды бір аққуға,
Екі мен бір – болар үш,
Цифры оның – ұшқан құс.
Үш пен бірің төрт екен.
Төртеу санның көркі екен.
Төрт аяқпен жануар,
Стол, төсек... тағы бар..
Төрт аяқпен нық тұрар

Төрт бірлікті ұқтырар
Бес дегеннің цифры
Қарап тұрсаң оп-оңай.
Үштің басын қайырып,
Қоя салған жай бұрап.
(Ә. Табылдиев)

«Бір апта»

Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,
Сейсенбіде серуен құрдық далада.
Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,
Бейсенбіде би биледік әндетіп.
Жұма күні жидек тердік қыратта,
Сенбі күні кино көрдік клубта.
Жексенбіде үйде болып дем алдық,
Осылайша өте шықты бір апта.

Екі көз бен қос құлақ
Бір бас пенен бір мұрын
Нешеу болды қос шырақ,
Санап шығар кім бұрын?!
Екі аяқ пен екі қол,
Бір ауыз бен бір тілің...
Нешеу болды қане, бол,
Санап шығар кім бұрын?!
Сұқ саусағым суға барды
Ортаң қолым орақ орды.
Аты жоғым ағаш жарды,
Жұмсамапты алақаным,
Тек шынашақ – балапанын.
(М. Қуанышбеков)

Бір дегенің – білім,
Білім – жарық күнің.
Екі дегенің – еңбек,
Еңбек бәрін жеңбек.
Үш дегенің – үміт,

Үмітсіз жоқ жігіт.
Төрт дегенің – талап,
Талмайтуғын қанат.
Бес дегенің – бірлік,
Бірліксіз жоқ тірлік.
Алты дегенің – арман,
Атар таңың алдан.
Жеті дегенің – жігер,
Жетер жерін білер.
Сегіз дегенің – сенім,
Сүйенішің сенің.
Тоғыз дегенің – талғам,
Тура жолды салған.
Он дегенің – Отан,
Отанды сүй, ботам.
(Абдрахман Асылбек)

Бір дегенің – балық,
Байқа суға барып.
Екі дегенің – елік,
Елік тауға көрік.
Үш дегенің – үйрек,
Салар суға ирек.
Төрт дегенің тауық,
Жүр жұмыртқа тауып.
Бес дегенің – барыс,
Аузы кере қарыс.
Жеті дегенің – жайран,
Желден жүйрік хайуан.
Сегіз дегенің – сұңқар,
Сұңқар көкке шырқар.
Тоғыз дегенің – тұлпар,
Тұлпарға әркім іңкәр.
Он дегенің – ортеке,
Қой бастаған ер теке.
(Абдрахман Асылбек)

Айтар болсам саралап
Көп қой түрлі санамақ
Бір дегенім – бір саусақ
Екі дегенім – екі саусақ
Үш дегенім – үш саусақ

Төрт дегенім – төрт саусақ
Бес дегенім – бес саусақ
Алты дегенім – алты саусақ
Жеті дегенім – жеті саусақ
Сегіз дегенім – сегіз саусақ
Тоғыз дегенім – тоғыз саусақ
Он дегенім – он саусақ

Алақанды жаямын,
Санамақты бастаймын.
Саусақтарды бүгумен,
Санды санап тастаймын.
Басбармағым «бір» дейін,
Балан үйрек тұр кейін.
Сұқ саусақты бүгеміз,
«Екі» саны бұл деймін
Ортан терек қосайын,
Алақанға басайын.
Келесі сан ортада,
«Үш» болды ол дап дайын.
Шылдыр шүмек сақадай,
«Төрт» деп сана оп-оңай.
Кішкентай бөбек шеттегі,
«Бес» саны ол ботадай.

Санамақтың сан түрін,
Кәне, біздер санайық!
Онға дейін санды біз,
Қолымызға алайық!
Бір, екі, үш
Таңдайықшы түс.
Төрт, бес, алты
Тату доспыз жалпы.
Жеті, сегіз, тоғыз
Мынау - қоңыр қоңыз,
Мына саным-он,
Қыста кием тон.

Бес жұмыртқа бес жерде,

Тағы бестен үш жерде.
Қанша болар барлығы
Бір қазанға түскенде?
Оң қолымда бес өрік,
Сол қолымда бес өрік,
Саған берем барлығын
Алатының неше өрік?

ЖАҢЫЛПАШТАР

Қапыда ит қапты,
Қатты қапты,
Қапты қатты.

Ғарышкер ұшты ғарышқа,
Ғарышқа ұшты ғарышкер,
Айтшы, ғарыш алыс па?

Бұл, бұл - піл,
Бұл бір ірі піл.

Киген тоны
Онды тон,
Өнді тон.

Қыста құлағым үсіп кетті,
Үсіп, ісіп кетті.

Ақ лағым семіз,
Ақ ала лағым сегіз,
Ала лағым да семіз,
Ақ лағым да сегіз.

Ала қарға қарға қонды,
Қара қарға жарға қонды.

Ақ шар бар,
Көк шар бар.
Көп шар бар,
Төрт шар бар.

Алақай, сатып алып малақай,
Алақайлап алаңда жүр балақай.

Малға, шөп керек,
Шөп көп керек,
Көк шөп керек.

Шеше, шеше,
Неше кесе
Сынды кеше?

Шаңқ-шаңқ етіп шағала,
Шабак ілер жағада.

Алты салт атты келді,
Салт атты қайда келді?

Ала алаша, сары алаша
Жан баспаған жаңа алаша.

Асан бақша жақтан.
Ақ сабақ асқабақ әкелді,
Басқа жақтан.
Басқарақ асқабақ әкелді.

Күз келген кез
Кез келген кез
Кез келген кездегі күз келген кез

Топ бала доп қуды
Допты топ бала қуды.
Топ бала доп қуғанда,
Доп топ-топ етіп домалады.

Талғат балға тап,
Оншақты жаңғақ шақ,
Шақсаң, сақ шақ.

Көк тырна,
Көп тырна.
Тыраулап тек,
Көп тұрма.

Түйе маған шұбат берді
Шұбат маған қуат берді

Үйір, үйір үйректі,
Үйірге кім үйретті.
Үйір, үйір үйректі,
Үйірге өзім үйреттім.

Тау бар, тау бар,
Тауда бау бар.
Бауда ара бар,
Ара барда, бал бар.

Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар шағар.

Көк аспанда жұлдыз бар,
Мөлдір суда құндыз бар.
Жұлдыз түнде жылтырар,
Құндыз түнде жылтырар.

Тысы тым көрікті,
Үкілі үш бөрікті
Үлестір деп беріпті

Бар, май шайқа,
Байқа, жай шайқа.

Доп деп,
Дөп теп.

Даланы қар жабар,
Қарға балалар аққала қалар

Ақ тай ақ па?
Қара тай ақ па?

Қаш, жүгір,
Шұғыл, тығыл.
Бүгіл, жығыл.

Бақ,бақ бақта бар
Бақа да бақта бар.

Алма базарда
Алма алма алар ма?
Ақ алма алар ма?
Әлде алары анар ма?

Көк көйлек, көк көйлек,
Тек өзіме дөп көйлек.

Тәтті қатты,

Қатты тәтті
Қатты тәттіні жесең қандай тәтті

Арайды ара талар,
Ара Арайды неге талар.

Мұз-тұздай,
Тұз-мұздай.

Төрт төртім бар,
Төрт тортым бар.
Төртім – маған,
Тортым – саған.

(Е.Ерботин)

Құс қайтты,
Қыс келді.
Қыс қайтты,
Құс келді.

(Е.Ерботин)

Қарға, қарға,
Қарғалар ,
Қарның ашса,
Жарма бар.
Жарма жегің келмесе,
Шаңға ауна, жарға бар!

(Р.Тышқанбаев)

Жол азық алдық,
Мол азық алдық.

Ай, ай, Айдарбай,
Иір мүйіз сиырды

Үйіңе айдай бар!

Тақпақ айт,
Тақпақ айтсаң, түгел жаттап, мәнін сақтап,
Сөзін нақтап, баптап айт?!

(Оразақын Асқар)

Пай-пай-пай,
Жайылып жүр тай.
Ай-ай-ай,
Ұшып кетті торғай

Жағажайды жағалай,
Жүгіреді Қамажай

Көйлек, көйлек, көйлек
Көк көйлек, көп көйлек

Ара, ара, аралар,
Орман ішін аралар

Есепті сен шешшсең, сен шеш,
Тез шешсең, тез шеш

Олар Оралдан оралды,
Омар Аралдан оралды.

Үш кіші ішік піштім,
Бес кіші ішік піштім,
Неше кіші ішік піштім?!

Қыста қар жауар,
Қар жауғанда балалар аққалалалар қалар.

Алғыр аттар
Арғымақтар,
Арғымақтарды
Әркім мақтар.
(Е.Ерботин)

Сылдырмақ сылдырлады,
Сәби былдырлады.
Сылдырмақ сылдырласа,
Сәби былдырлай ма?
Сылдырмақты сындырмай ма?

Тас, тас, тасбақа,
Асты - үстінде тас – тапа.
Келсін қасқа – асқа, ата,
Берші бата, досқа, ата.

Ала-ала алашалар
Алашаларды
Таба алса, алар.

Үміт түбіт түтті,
Түбітті түгіп бітті

Тақпақ жаттап,
Айтсақ жақсы-ақ.
Жатқа тақпақ,
Жатта тақ-тақ.

Омар ора алар,
Омар ора алмаса,
Орал ора алар.

Ошақта от жоқ,
Шоқ тап, от жақ.

Талғат балға тап,
Оншақты жаңғақ шақ,
Шақсаң, сақ шақ.

Қызым жүзім же,
Жүзім үзіп же.

Тары ақта,
Тары ақтап,
Қапқа қапта.

Көкорай көк шөп,
Көкорай көк шөпті
Жағалар көбелек көп

Кеспе, өссін тал,
Өссе өсімтал.
Өссе өссін тал,
Кеспе, өссін тал

Алма теріп балақайлар,
Алақайлар
Балақайлар.

Шұнақ құлақ лақ
Бұлаққа барады.
Бұлақ жағасындағы
Құраққа барады.

Шалшық, балшық,
Балшық, шалшық,
Балшықтан ал шық.

Ата мен әже, ана да
Алма мен алмұрт тереді.
Ауылға Арман бала да
Арбамен тасып береді.

Ескекті ескекші еседі,
Ескекші ескекті еседі.

Қаһарлы айдаһар
Шаһарға келіп,
Қаһарланар.

Сен өлше, ол өлшер,
Сол өлшем, сол мөлшер.

Қондық жаңа қонысқа,
Қалың екен жоңышқа.
Қоныстағы жоңышқа,
Оралады қонышқа!

Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді

Тіл алғыш, – деп Бек
Мақтасақ біз
Біл алғыс деп.

Әсем Әшен бе,
Әжем әсем бе?
– Әшен де әсем,
Әжем де әсем.
(Сұлтан Қалиұлы)

Ақжарда үш жар бар,
Әр жарда жүз шар бар.
(Сұлтан Қалиұлы)

Арқарға ақ қардан бақ бар ма,
Ақ қарға арқардан бақ бар ма.
(Жәди Шәкенұлы)

Далаға жатсақ,
Отын тапсақ,
Оны жақсақ,
Сіріңке шақсақ.
(Ескен Елубаев)

Маймақ аю,
Балға бармақ,
Балға басын малмақ.
Бал алмақ,
Басын малмақ
(Ескен Елубаев)

Төрлет төрге,
Төрге өрле.
(Ескен Елубаев)

Қарлы шыңға
Бара ала аласың ба?
Қарлы шыңнан
Қар ала аласың ба?
(Кеңесжан Шалқарұлы)

Көп кептер,
Көк кептер.
Көкектер
Көп кептер.

(Кеңесжан Шалқарұлы)

Шабысты ат,
Шалыс шаппас,
Шалыс шапса,
Алыс шаппас.

Ықылас пен Ыбырай
Ыдыстарын тасымай,
Ырыскүлден үлгі алмай,
Ынтасыз жүр тілді алмай.

Сұрап Мұрат
Коньки тап.
Байлап майлап,
Аттай шап.

Көктемде шөп өнер жер
Мал келер, мал ерер жер.

Шын еңбекшіл – өрмекші,
Өрмекші – шын өрнекші.

Жапалақтап қаптап ақ қар жауды,
Алқапты аппақ ақ қар жапты.

Сары қыз
Қарбыз жеді.
Сары қыз қарбызды
Жалғыз жеді.

Бұзау, қозы, тай, лақ та,
Құлындар да, тайлақ та
Жүрген жаңа сай жақта.

Суға салдым,
Судан алдым,
Суға малдым.

Тақпақ айт,
Тақпақ айтсаң, түгел жаттап, мәнін сақтап,
Сөзін нақтап, баптап айт?!
(Оразақын Асқар)

Сұр інген сүрінген бе,
Сүрінген сұр інген бе.

Біреуі көрікті кісі,
Біреуі бөрікті кісі

Қоғанбай қомағай ма?
Жоқ, ағай
Қоғанбай қомағай емес,
Зор ағай.

Кермеде тұр қырық
Кір қыстырғыш,
Қырық кір қыстырғышқа
Қырық қыз келіп,
Кір қыстырды.

Есім есі кетіп есінеп отыр екен.
Ол несіне.
Есі кетіп есінеп отыр екен.

Гүлім гүлге қарап күлімдеді,
Көгілдір гүлге қонған аралар гуілдеді.

Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда ақ арқар бар.
Алты арқарда марқа арқар бар.

Әбдіреде әбігер әтеш отыр.
Әбігер әтеш отырған
Әбдірені әжем ашып жатыр.

ТЫНЫС АЛУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

«Үлкен-кішкентай»

Орындалуы: Демді ішке тартып, аяқтың ұшына тұрып, қолды жоғары көтеріп (міне осындай үлкен болып өстім). Демді сыртқа шығарып (ал, бұрын кішкентай болдым)-отырып, қолын тізесіне қойып, басын тізесіне бүгеді.

«Жапырақтарды ұшыр»

Орындалуы: Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару арқылы кішкентай жапырақтарды үрлеп ұшыру.

«Шарды үрлейміз»

Орындалуы: балалар қолды екі жаққа кең жайып, терең демді жұтады, содан кейін қолды біріктіріп, ауызға жақындатып ауаны үрлейді - ууфф. Үрлеген сайын екі қол арасы алшақтай түседі. Содан кейін, «шар жарылды» - алақандарын соғып шардан ауа шығып жатқан «ш-ш-ш» дыбысын шығарады.

«Шәйді суыт»

Орындалуы: кеседегі шәйді балалар үрлеп суытады. Ондағы шәйдің ыстық екендігі айтып түсіндіріледі. Суытып болған соң оны ішіп, дәміне тамсанады.

«Мұрынмен дұрыс тыныста, ауызбен дұрыс дем шығар»

Орындалуы: Балалар мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен ауаны ұртқа жинамай, жәйменен дем шығарады.

«Айнаның бетін тазала»

Орындалуы: айнаны қолға алып, бала айнаның бетіне үрлеп булайды. Сосын айна бетін орамалмен сүртіп, тазалайды.

«Қарды үрлеп ұшыр»

Орындалуы: балалар ақ қарларды жеке-жеке үрлеп ұшырады. «Қар жаймен жауып тұр» деген кезде жай ұшырады, ал «боран соғып тұр» деген кезде қаттырақ ұшырады. Мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен жай дем шығарады.

«Қолды үрлеп ысқылау арқылы жылыту»

Орындалуы: аязға тоңған қолдарымызды деммен үрлеп, ысқылап қыздырамыз, жылытамыз. Жылдам-жылдам ысқылаймыз.

«Жалаушаларды ұшыру, көкке көтеру»

Орындалуы: балалар демдерін іште жинап, сосын жалаушаларға қарай шығарады. Түрлі-түсті кішкентай жалаушаларды балалар үрлеп ұшырады.

«Құстың қанатын қағуына көмектес»

Орындалуы:Терең тыныс алу, демдерін іште жинап тұрып, қағаздан жасалынған құстың қанатына қарай демді үрлеп шығару. Жаттығуды 3-4 рет қайталайды.

Тыныстайық тереңнен!

Жүгірдің де қарғылдың,
Жарадың да барлығың.
Шаршадыңдар дегенмен
Тыныстандар тереңнен.
Қане, «У-ф»-деп айталық
Демді ішке тартайық.
Енді «У-һ»- деп айтайық,
Демді шығар қайтарып.
Босаңсытып денеңді,
Бей-жай күйге ен енді.
Басты көтер, тік ұста
Емін-емін тыныста
Қане, «У-ф»-деп айталық
Демді ішке тартайық
Енді «У-һ»- деп айтайық,
Демді шығар қайтарып.

«Сәбіздің жапырағын үрлейміз»

Орындалуы: Терең дем алып, демді жәймен шығарып, жинаған жапырақтарды үрлеу.

«Лимонды» иіске

Орындалуы: Терең дем алып, лимонды мұрынға тақап, иісін иіскейміз.

«Көпіршікті үрле»

Орындалуы: Ауызға демді жинап, көпіршік суды ауымызбен үрлеп, көпіршіктерді ұшырамыз.

«Стакандағы дауыл»

Орындалуы: Су құйылған стаканға коктейль ішуге арналған түтікшені салып бір жағын тілдің ортасына салып, түтікше арқылы стакандағы суды үрлеу. Ұртымызды ауаға толтырмаймыз, ернімізді қозғалтпаймыз.

«Сиқыр»

Орындалуы: Ауызды ашып, еріндерін жымиту. Тілімізді ауыздан шығармаймыз. Тіл бүйірлері мен ұшын жоғары көтеріп, мұрын ұшындағы мақтаны үрлеу.

«Зымыран»

Орындалуы: Мұрынмен терең дем алып, екі жақтан қолымызды жоғары созамыз, алақандарымызды беттестіріп, қатты қысамыз, аяқтың ұшымен тұрып жоғарыға созыламыз, тыныс шығармаймыз. «А» дыбысын айтып, терең дем аламыз, қолдарымызды төмен түсіреміз

«Поезд»

Орындалуы: Көмейден дыбыс шығару: Пууууп-чик-чик-чик дыбысын шығарып, шеңберде жүріп орындаймыз.

«Барабан»

Орындалуы: Тіл ұшын тістеп жәй «д» дыбысын айту, содан екпінін тездете айту « д-д-д»

«Жылан»

Орындалуы: Мұрынмен терең дем алу, алақандарды беттестіріп, кеуде тұсында ирелендету арқылы с-с-с дыбысын шығару.

«Сорпаны суытып іш»

Орындалуы:тәрелкедегі ыстық сорпаны мұрынман терең тыныс алып, ауызбен дем шығару арқылы үрлеп, суытып ішу.

«Көбелектерді үрлеп ұшыр»

Орындалуы: алдын-ала түрлі-түсті қағаздан кішігірім көбелектер үлгісін дайындап оны жіпке бекітеміз. Балалар жіп ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, көбелекті ерін деңгейінде ұстайды. Мұрын арқылы ауа жұтып, ұртқа ауаны толтырмай ауа ағымын көбелекке қарай, оны «ұшыру» үшін бағыттайды. Жаттығу 1-2 рет қайталанады.

«Мақтаны ұшырайық»

Орындалуы: ақ ұлпа жұмсақ мақталарды терең дем алу арқылы балалар үрлеп ұшырады.

«Ыстық сүт ішейік»

Орындалуы:ауызды сәл ғана ашып ауаны сыртқа шығарамыз. Ауызды сәл ғана ашып ауаны ішке тартамыз.

«Ғарышкерлер»

Орындалуы:10-нан 1-ге дейін санап үлгеруге жетерлік тыныс жинаймыз, қаттырақ әрі анық «Жібер» деген сөзді айтамыз да, дем шығарамыз. Ал, енді мұрын арқылы ауа жинаймыз немесе жұтамыз. Уақытты кері санаймыз 10-нан 1-ге дейін, Жібер! 2-3 рет қайталанады

«Қарға»

Орындалуы: Балалар тік тұрады, аяқтарының арасын кішкене ашып және қолдарын төмен түсіреді. Демді ішке тартады-қолдарын екі жаққа қанат сияқты жаяды. Қайтадан жайлап қолдарын түсіріп, дем шығарады «қарр» (р) дыбысын созып ұзақ дыбыстайды. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.

«Үйшік»

Орындалуы:Балалар тік тұрып аяқтарын бір-бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.

«Қоңыз»

Орындалуы:Балалар қолдарын көкіректеріне айқастырып отырады. Қолдарын екі жаққа ашады, басын көтеріп-демді ішкекке тартады, қолдарын көкірегіне қойып, бастарын түсіреді-дем шығарып: ыж-ыж-ыж деп дыбыс шығарады. Жаттығу 3-4 рет қайталанады

«Гүлдердің хош иісі»

Орындалуы: Балалар орындарынан тұрады, алақандарын көкірек тұсына қойып, иықтарын көтермеуге тырысып, мұрын арқылы терең тыныс алады. Сәл демін тоқтатып, ақырын демдерін шағарады. Жаймен демдерін жібереді де «А-А-ах!» деген дыбыс шығарады. Жаттығу 3-4 рет қайталанады

«Қаздар ұшады»

Орындалуы: Демді тартып, қолды жоғары көтереді, демді шығарғанда қолдарын төменге түсіріп «гу-у-у-у-у» деген дыбыс шағарады. Жаттығу 4-5 рет қайталанады

«Доп»

Орындалуы: Орнынан тұрып, тіке қолдарында жоғары допты ұстап тұру қажет. Тыныс алғанда доп баланың көкірек деңгейіне дейін түседі. Демді шығарғанда «Ух-х!» деп айту қажет.

«Әтеш»

Орындалуы: Балалар тік тұрып, аяқты алшақ ұстап, қолдарын екі жаққа көтеріп терең дем алады. Содан кейін демдерін шығарып «ку-ка-ре-ку» деп дыбыстап екі қолды төменге түсіреді.

«Қоңыр аю»

Орындалуы: Ауызды алақанмен және бір танауды саусақпен мықтап жабыңыз. Мұрынның ашық танауы арқылы қалыпты қарқынмен демді алып шығару керек. Содан кейін қолдарды ауыстырып, екінші танауды жауып, ашық танаумен сол қарқынмен дем алыңыз. 5-6 рет жасаңыз.

«Итбалық»

Орындалуы: Ауыз арқылы баяу терең тыныс алып, содан кейін мұрын арқылы 3 рет ауаны итеріп жібергендей демді шығару керек. Жаттығу орташа қарқынмен кемінде 5 рет орындалады.

«Футбол ойнаймыз»

Орындалуы: Балалар екі тең, жұп топқа бөлінеді де, үстелдің екі қарсы бетіне отырады. Алаңның ортасына – үстелге – кішігірім мақта бөлігі (доп орнына) қойылады. Балалар кезекпен допты үрлеп, қарсыласының қақпасына кіргізуге тырысады. Қақпа шекарасын қарындаштың көмегімен не басқа да тәсілдермен белгілеуге болады. Кім көп доп енгізсе, сол жеңімпаз атанады. Балалар 1 мин ойнайды.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

«Балық аулайық»

Ойынның мақсаты: берілген суреттерді атап, сөйлем құрауға үйрету.

Ойынның шарты: ыдыстағы магнитті балықтарды аулап, ондығы берілген суреттерді байланыстырып сөйлем құрау.

«4-ші артық»

Ойынның мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, визуалды есте сақтауын жетілдіру.

Ойынның шарты: берілген суреттерді атау, артық суретті табу. Мысалы: алма, картоп, банан, апельсин. Төртінші артық бұл-картоп, себебі ол-көкөніс.

«Күн мен түн»

Ойынның мақсаты: жаңа сөздерді есте сақтау, балалардың байқампаздығын дамыту.

Ойынның шарты: педагог балаларға бірнеше суреттер көрсетеді, балаларға сұрақтар қойып, суреттердің атауын сұрайды. Педагог берілген суреттерден бір суретті жасырып қояды. Балалар жасырынған суретті атап, табулары қажет.

«Сөйлемді толықтыр»

Ойынның мақсаты: балалардың байланыстырып сөйлеуін, логикалық ойлауын дамыту.

Ойынның шарты: Балаларға сөйлемнің басындағы жолын айтып, сөйлемді аяқтауды ұсыну: «Балалар гүлзардағы гүлдерге су құйып жатыр, себебі . . .». «Ағаштарда жапырақтар сарғаяды, өйткені . . .» , «Адамдар қыста қалың киінеді, себебі . . .» және т.б.

«Суретті жұмбақтар»

Ойынның мақсаты: балалардың білуге құштарлығын, қиялын дамыту, сөздік қорларын байыту.

Ойынның шарты: педагог қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, балаларға суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Ойын бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені немесе затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін табулары керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.

«Не қайда тұр?»

Ойынның мақсаты: Балалардың ой-өрістерін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, кеңістіктегі заттарды дұрыс айтуды, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолдануды дағдыландыру.

Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға кеңістіктегі тұрған кез келген затты

айтады. Ойынға қатысқан балалар сол заттың қайда жатқанын анықтап, сипаттайды. Мысалы: доп жерде еденде жатыр. Ақ қонжық сөреде тұр. т.б.

«Дүкен»

Ойынның мақсаты: Балаларды рөлдерге бөліп, кейіпкерлер рөлін сомдауға үйрету. Сөздік қорларын байыту.

Ойынның шарты: Бір бала сатушы, қалған балалар сатып алушы болып ойнайды. Сатушы өз товарын сатып алушыларға таныстырады және сатып алушылар сатушыға өз ойындағы сұрақтарын қойып, балалар өзара қарым-қатынасқа түседі.

«Қуыршаққа серуенге бару үшін не жетіспейді?»

Ойынның мақсаты: Жыл мезгілдеріне сай киімдерді ажырата білуге, қажетті сөзді дұрыс қолдануды үйрету.

Ойынның шарты: Әр балаға қуыршақтар беріледі. Балалар ол қуыршақтарды жыл мезгілдеріне сай киіндіру керек. Бір балаға қыс мезгіліне сай, ал келесі балаға күз мезгіліне сай және т.с.с. Кейбір балаларда мезгілге сай киімдер жетіспеуі мүмкін. Балалар қандай киім немесе зат жетіспейтін айтады.

«Сиқырлы қалта»

Ойынның мақсаты: Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, сөздерді дұрыс, анық айтуды жаттықтыру.

Ойынның шарты: ойынға 5-6 бала қатысады. Тәрбиеші сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балаларға сұрақтар қояды, алған заттарын сипаттайды.

«Кім не істейді?»

Ойынның мақсаты: Балаларға мамандықтарды дұрыс атауды үйрету. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.

Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға суреттерді қарауды ұсынады. Ол кімдердің суреті, олар қайда кетіп жатқандарын, не жұмыс істейтіндерін сұрайды. Мысалы: суретте көкөніс сатушысы өзінің дүңгіршегіне кетіп бара жатыр, сатып алушыларға қызмет көрсету үшін. Тігінші әдемі көйлек тігуде.т.б,

«Тәулік бөліктері»

Ойынның мақсаты: Балалармен тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) туралы ұғымдарын кеңейту

Ойынның шарты: Тәрбиеші балалармен бірге бір тәулік неше бөліктен тұратынын, және тәулік бөліктерін атауды сұрайды. Балалар тәулік бөліктері бар суреттерді қарап, соған сәйкес келетін суреттерді тауып, атап орналастырады (таңертең, күндіз, кеш, түн).

«Сөзді айтуға көмектес»

Ойынның мақсаты: Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.

Ойынның шарты: педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады. Мысалы: ке-ме, ба-ла, қа-сық. т.б.

«Бұл қай кезде болады?»

Ойынның мақсаты: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру. Сұрақтарға толық жауап беруді дағдыландыру.

Ойынның шарты: ойын бастаушы мезгілдерге байланысты сөздер айтады. Ал, балалар айтылған сөздер қай жыл мезгіліне тән екенін табады. Мысалы: қар жауады, аққала жасаймыз, Жаңа жыл мерекесін тойлаймыз-бұл қыс мезгілі. т.б.

«Керісінше айт»

Ойынның мақсаты: қарама-қарсы сөздерді дұрыс айтуға үйрету.

Ойынның шарты: педагог балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге қарама-қарсы сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық, ақ-қара, жуан-жіңішке, аш-жап, жақсы-жаман. т.б.

«Үлкен сандық-кішкентай сандық»

Ойынның мақсаты: балалардың белсенді сөздік қорларын қалыптастыру.

Ойынның шарты: Әр өлшемдегі сандыққа көлеміне қарай ойыншықтар таңдап алынады. Балалар бір-бірден ойыншықтарды көлеміне қарай сандықтарға топтастырады және атайды. Мысалы: үлкен сандықта–үлкен қоян бар, кішкентай сандықта – кішкентай тиін бар.

«Ойлан тап, қандай дыбыс»

Ойынның мақсаты: дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру.

Ойынның шарты: педагог бір дыбыстан басталатын суреттерді балаларға көрсетеді. Олардың қандай дыбыстан басталатынын сұрайды. Мысалы: мына суреттерге қара, олар қалай аталады, қандай дыбыстан басталады? «аю, айна, асық, алма» т.с.с.

«Саққұлақ» ойыны

Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру.

Ойын барысы: педагог балаларға қоңырау, кәмпит қағазы, сылдырмақ, қасықтарды көрсетеді, балалар оларды атайды. Педагог ширманың артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын және толық сөйлеммен айтып беруін ұсынады. Мысалы: бұлқасықтардың дыбысы, бұл сылдырмақтың дыбысы.

«Сенің ойыншығын қандай?»

Мақсаты: Сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын (көлемі, түсі, пішіні, қандай материалдан жасалғаны) білдіретін сөздермен толықтыру.

Ойынның шарты: Балалар өзіне ұнайтын қалған ойыншық тандап алады және өз ойыншығын толық сөйлеммен сипаттап береді. Педагог балаларға сұрақтар қойып, баланың ойыншықты қызыға сипаттауына әсер етеді.

«Көпше-жекеше»

Мақсаты: «Көпше-жекеше» Сөздерге жалғауларды дұрыс жалғауға дағдыландыру.

Ойынның шарты: педагог суретті немесе заттарды көрсетіп «жекеше» түрде айтады, ал балаларға «көпше» түрінде айтуды ұсынады. Мысалы: менде көйлек бар-менде көйлектер бар, мынау менің досым-мынау менің достарым.т.б.

«Естіп алақаныңды соқ»

Мақсаты: берілген сөздердегі [Ш] дыбыстарды атау, артикуляциялық аппаратын дамыту, дауыс ырғағы бойынша жұмысты жалғастыру, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты: Балалар сөздерде «шаңсорғыш, тоңазытқыш, электро шам, шана, ағаш, ешкі» [Ш] дыбыстарды естігенде алақанын соғып дыбыстарды айтып береді. Сол сөздерге байланысты сөйлем құрастырады.

«Көңілді доп»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, сөздерді дұрыс айтуды дағдыландыру.

Ойынның шарты: Тәрбиеші допты лақтырады, допты ұстап алған бала маманның іс-әрекетін айтады

Дәрігер - емдейді

Аспасшы - пісіреді

Шаштаразшы - қиады

Тігінші - тігеді

Құрылысшы - үй салады

Жүргізуші - машина жүргізеді

Сатушы – сатады

«Не қандай?»

Мақсаты: тағамдардың атауларын дұрыс айтуды, сөздерге зат есім, сын есімді қатыстырып қолдануды үйрету. Қарама-қарсы сөздерді белсендіру.

Ойынның шарты: Балалардың қолына екі түрлі тағам суреті салынған карточкалар беріледі. Балалар, әр тағам туралы айтады. Мысалы: Қант тәтті - тұз ащы; Құрт қатты – май жұмсақ, т.б.

«Қандай?»

Мақсаты: Сөйлем құруға машықтандыру, көктем туралы білімдерін белсендіру.

Ойынның шарты: ойын бастаушы көктем мезгілі туралы айтатындықтарын түсіндіреді. Допты бір біріне беруді және допты алған соң «Көктемде...» сөзімен бастау қажеттігін еске салады.

Мысалы:

Көктемде... күн жарқырайды.

Көктемде қар ериді.

Көктемде су ағады.

«Менде ... бар»

Мақсаты: 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету.

Ойынның шарты: педагог допты бір балаға береді «Сенде не бар?» сұрағын қояды. Допты алған бала «Менде қызыл көйлек бар» т.с.с айтады. Допты бір-біріне беріп ойынды жалғастырады.

«Сөз ойлап тап»

Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, заттың сипатын білдіретін сөздерді белсендіру.

Ойынның шарты: Педагог балалардан бақбақ гүлін қандай және неге ұқсайтындығын айтуларын ұсынады. Педагог бақбақтың пішінін, түрін, сипатын беретін сөйлемді бастайды, балалар өз сөздерімен аяқтайды.

Мысалы:

Педагог: – Бақбақ сары ...

Бала: күнге ұқсайды.

П: Ол дөңгелек...

(Жұмсақ...)

«Бір сөзбен ата»

Мақсаты: Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.

Ойынның шарты: педагог балаларға жануарлар/ жәндіктер/ құстар/ ыдыстар/киімдер/түстер/көліктер атауын атайды. Балалардан олардың атауын атауды және бір сөзбен біріктіруді сұрайды.(Мысалы: күрте, шұлық, белдемше, шапан, тақия, қамзол. Балалар: киімдер)

«Нені жақсы көреді?»

Мақсаты: Байланыстыра сөйлеуге үйрету, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.

Ойынның шарты: педагог балаларға жануарларды қоректендіруге көмектесулерін сұрайды. Балалар жануардың біреуін алып атайды оның не жақсы көретінін айтып суретін жанына орналастырады.

Ит – Ит сүйекті жақсы көреді.
Жылқы – Жылқы шөп жейді
Мысық – Мысық сүт ішеді. т.б.
Маймыл – Маймыл банан жейді. т.б.

«Жұмбақ заттар»

Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту.

Ойынның шарты: затты қолыңызда немесе артыңызда жасырыңыз. Балаңызға бұл затты көрсетпей (мысалы, «бұл дөңгелек», «ол жеуге жарамды», «түсі қызыл») екенін айтыңыз. Бала оның қандай зат екенін болжап, содан кейін оны өз сөзімен сипаттап табуы керек.

«Жануарларға еліктеу»

Мақсаты: жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру

Ойынның шарты: Балаңызға жануардың немесе ойыншықтың суретін көрсетіңіз. Балаңыздан оның қандай жануар екенін және қандай дыбыс шығаратынын сұраңыз. Бала осы жануардың дыбысын шығарып, ол туралы шағын әңгіме немесе сөйлем ойлап табуы қажет.

«Ассоциациялар»

Мақсаты: Балалардың қиялын дамыта отырып, әртүрлі ұғымдар мен заттардың арасындағы байланысты табуға үйрету. Ойын барысында балаларды жаңа сөздермен таныстыру.

Ойынның шарты: Балаңызға түрлі суреттер көрсетіңіз немесе сөзді айтыңыз. Бала суретті көргеннен немесе естігеннен кейін ойына бірінші не нәрсе келетінін сұраңыз. Баланың неліктен сол белгілі бір сөзді немесе ассоциацияны таңдағанын талқылаңыз.

«Қатты – ақырын»

Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай сөйлеуге дағдыландыру.

Ойынның шарты: педагог екі итті көрсетіп айтады: «Үлкен ит қатты үреді «Аб-аб». Үлкен ит қалай үреді? (бала дауысын қатты шығарып қайталайды). «Ал кішкентай күшік ақырын үреді: «Аб-аб». Кішкентай күшік қалай үреді? (бала ақырын қайталайды)»

«Қадамдар» (Кім тез жетеді...)

Мақсаты: тіл байлығын, сөйлеу тілін жетілдіру.

Ойынның арты: Ойыншылар қатар тұрып, мәренің қашықтығын белгілейді (арақашықтық 8-10 қадам). Әр қадамға тақырып таңдалады. Мысалы, «Сыпайы сөздер». Әр бала сыпайы сөз айтса ғана қадам жасай

алады. Басқа тақырыптар: «Барлығы дөңгелек», «Барлығы ыстық», «Барлығы тәтті», «Анаға арналған жылы сөздер», «Мейірімді сөздер» және т.б.

«Іздеу»

Мақсаты: Байланыстыра сөйлеуін, зейінін, байқағыштығын дамыту.

Ойынның шарты: Бұл ойынға 5 бала қатысады. Педагог: Мен (кұрбымды) досымды іздеп жүрмін. Оның көзі көгілдір, шашы ұзын, қою қара, ол мысықтарды жақсы көреді, ал сүтті мүлдем ұнатпайды. Кім бірінші қай бала туралы сөз болғанын тауып алады? Кішкентай балалар ойнағанда, киімдерін, жақсы көретін ойыншығын да сипаттауға болады.

«Әңгіме ойлаймыз»

Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілін, зейінін дамыту.

Ойынның шарты: педагог сөйлемдерді оқып тұрады. Балалар, сөйлемнің арасына керекті сөздерді қойып отырады. Ол сөздер (зат есім, етістік, сын есім, сан есімдер) Мысалы,: «.... (Не?) босағада отырып мияулайды. Мысық алдында тұрған тәрелкедегі сүтті (не істеді?). Бақта жүрген мысық . . . (нені?) ұстап алды. Мысықтың жүні . . . (қандай?), тырнағы . . . (Қандай?). Мысық марғауларымен . . . (Қайда?) жатты. Марғаулар доппен .. . (қалай?) ойнады.

«Сөзге сөз қос»

Мақсаты: басталған сөзге сөз қосып, сөйлем құрастырып айта білуге шапшандыққа, зейінділікке баулу. Балалардың шығармашылығын дамыту.

Ойынның шарты: Балалармен жеке немесе екі топқа бөлініп өткізуге болады. Педагог сөзді айтады, балалар сөйлемді тез аяқтайды.

Мысалы: Алма. Алма жеміс. Ол бақшада өседі.

Моншак .

Шар .

Ойын соңында жеңімпаз бала немесе жеңімпаз топ анықталып аяқталады.

«Сұрақ – жауап»

Мақсаты: сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беруге дағдыландыру.

Ойынның шарты: Балаларды екі топқа бөлу. Әр топқа суретті карточкалар тарату. Қай топтың дұрыс жауаптары көп болса, сол топ жеңеді.

Сұрақтар:

1. Сөмкеде не жатыр?
2. Қыста не жауады?
3. Асханада кім бар?
4. Тауық бізге не береді?
5. Бір қолда неше саусақ бар?
6. Жазда ауа райы қандай?
7. Күзде не сарғаяды?

Керекті суреттер: қалам, қар, аспаз, жұмыртқа, бес, ыстық, жапырақ.

«Заттың атын ата»

Мақсаты: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорларын дамыту. Заттарды сипаттау барысында сөздерді орынды қолданып, дыбыстарды дұрыс айту арқылы баланың тілін жетілдіру.

Ойынның шарты: Әр түрлі жемістер, көкөністер немесе түрлі заттар мұхияждары салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. Мысалы, бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып, пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Немесе баланың көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да, сипаттайды, атын айтады.

«Дұрыс, дұрыс емес»

Мақсаты: сөздік қорды, зейінді дамыту.

Ойын шарты: Сіз бірнеше затты атау керексіз, ал бала сіздің дұрыс немесе дұрыс емес айтқаныңызды анықтау керек.

Мысалы, сіз: - шанышқы және қазан — ыдыстар. ·

- Бала: иә, дұрыс олар ыдыстар.

Басқаша нұсқасы: Сіз: - Ит пен мысық — олар құстар. ·

- Жоқ, дұрыс емес, ит пен мысық олар үй жануарлары.

Сіздің міндетіңіз баланы толық жауап беруге үйрету, сол арқылы баланың сөздік қоры молаяды. Сонымен қатар, көп заттардың атауларын есте сақтайды.

«Қуыршақты оятпа»

Мақсаты: Ақырын дауысты қолдана білуді дамыту.

Ойынның шарты: Тәрбиеші ұйықтап жатқан қуыршағы бар кереуетті көрсетіп: «Кәусар көп қыдырды, шаршады, тамақтанды және ұйықтап қалды. Ал бізге Кәусәрді оятып алмау үшін ойыншықтарды тыныш жинау керек. Маған ақырын айтшы, қандай ойыншықты қорапқа салу керек?». Мұнда баланың ақырын, бірақ сыбырламай айтқанын бақылау қажет.

«Суретті тіз»

Мақсаты: Сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету.

Ойынның шарты: Тәрбиеші баланың алдына суреттерді қояды да атайды, сосын оларды бірінші дыбысына қарай топтастыруын сұрайды. (С) – сабын, сүлгі, сурет, сиыр, сарымсақ, (П) – пальто, піл, пияз, парақ. Т.б

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасы : ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №449 бұйрығы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022 - 258 бет.
3. Үш тілдегі дидактикалық ойындар жинағы: әдістемелік құрал. –Астана, 2013. – 73 б.
4. «Кәусар бұлақ» хрестоматиясы Астана, 2024ж. - 48 б.
5. Баланың тілін дамытуда кешенді тәсілдерді қолдану жолдары (әдіскерлер мен педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар) Астана қ., 2024
6. Көркем әдебиет. Хрестоматия. Ортаңғы топ (4-5жас)/ құрастырған. Б.Б.Сейткужина.- Көкшетау: Келешек-2030, 2020.-156 б.
7. Көркем әдебиет. Хрестоматия. Екінші кіші топ (3-4жас)/ құрастырған. Б.Б.Сейткужина.-Көкшетау: Келешек-2030, 2020.-132 б.
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасына хрестоматия. Астана-2016ж-147 б
9. Ата-аналарға арналған «Балалардың түрлі іс-әрекетінде ерте жастағы балалардың тілін дамытуда ойын технологияларын қолдану» әдістемелік құралы. Нұр-Сұлтан, 2019 - 44 бет.
10. Саусақ және тіл жаттығулары. Дидактикалық материалдар. «Біз мектепке барамыз» оқу әдістемелік кешені. Г.Д.Абдрахимова «Арман-ПВ» баспасы, 2013
- 11.Ф. Ramus *et al.* Языковая дискриминация новорожденных людей и тамариновых обезьян с ватным верхом Наука (2000)
- 12.А. Christophe *et al.* Воспринимают ли младенцы границы слов? Эмпирическое исследование бутстреппинга лексического усвоения J Acoust Soc Am (1994)
- 13.А. Sansavini *et al.* Новорожденные различают ритм многосложных ударных слов (1997) Г. Dehaene-Lambertz *et al.* Фонологическая репрезентация в мозге младенца Нейроплет (1998)
14. De Kasper A.D., Spence M.D. Prenatal maternal speech affects the perception of speech by newborns. // Infant Behavior and Development, 9 (1986).
15. Лазарев, И.М. Психологические условия становления и развития речи детей младенческого и раннего возраста: автореферат дис.... кандидата психологических наук. -Москва, 2016. -27 с.
16. Gerhardt K. J., Abrams R. M. (2000). Fetal exposures to sound and vibroacoustic stimulation. J. Perinatol. 20, S21–S30. doi: 10.1038/sj.jp.7200446 [DOI] [PubMed] [Google Scholar]
17. Anbul K. L. Uler K. M. Werner L. A. Tollin D. D. (2016). "Early development of the auditory system." in the physiology of the fetus and the newborn. red. Pauline R. A. Abman S. X., Rovich D., Benitz V. E. 5th ed. (Amsterdam:++), 1396-1410. [Academy]
18. Yarrow, L. D. (2014). A developmental course on parental stimulation and its interrelationships, the motivation of mastery in infancy. Developmental Psychology, 20. Morikawa, H., Shand, N., & Kosawa, Y. (1988). Maternal speech to prelingual infants in Ja pan and the United States: Relationships among functions, forms and referents./oumoi of Child Language, 15, 237-256.
21. Fernald, A., and Marchman, V. A. (2012). Individual differences in Lexical processing at 18 months predict vocabulary growth in typically developing and late-speaking toddlers. Child Development, 83, 203-222

22. Przybylski A.K., Weinstein N. Digital Screen Time Limits and Young Children's Psychological Well-Being: Evidence from a Population-Based Study // *Child Development*. 2017. Vol. 90, No. 1. P. 56–65. DOI: <https://doi.org/10.1111/cdev.13007>.
23. Huber B., Highfield K., Kaufman J. Detailing the Digital Experience: Parent Reports of Children's Media Use in the Home Learning Environment // *British Journal of Educational Technology*. 2018. Vol. 49, No. 5. P. 821–833. DOI: <https://doi.org/10.1111/bjet.12667>.
24. American Academy of Pediatrics, Council on Communications and Media. Media and young minds // *Pediatrics*. 2016. Vol. 138 (5). P. 25–91. DOI: <https://doi.org/10.1542/peds.2016-2591>.
25. Bozzola E., Spina G., Ruggiero M., Memo L., Agostiniani R., Bozzola M., Villani A. Media devices in pre-school children: the recommendations of the Italian pediatric society // *Italian Journal of Pediatrics*. 2018. Vol. 44 (1). DOI: <https://doi.org/10.1186/s13052-018-0508-7>.
26. Radesky J.S., Christakis D.A. Increased Screen Time: Implications for Early Childhood Development and Behavior // *Pediatric Clinics of North America*. 2016. Vol. 63 (5). P. 827–839. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.pcl.2016.06.006>.
27. Смирнова Е.О., Смирнова С.Ю., Шеина Е.Г. Родительские стратегии в использовании детьми цифровых технологий // *Современная зарубежная психология*. 2019. Т. 8. No 4. С. 79–87. DOI: <https://doi.org/10.17759/jmfp.2019080408>.
28. Веракса А.Н., Корниенко Д.С., Чичина Е.А., Бухаленкова Д.А., Чурсина А.В. Связь времени использования дошкольниками цифровых устройств с полом, возрастом и социально-экономическими характеристиками семьи // *Наука телевидения*. 2021. 17 (3). С. 179–209. DOI: <https://doi.org/10.30628/1994-9529.17.3-179-209>.
29. Батенова Ю.В. К вопросу об актуальности проблемы формирования информационной грамотности дошкольника // *Информационная культура со временного детства: сборник статей Международной научно-практической конференции (Челябинск, 31 октября – 1 ноября 2019 г.)*. Челябинск: Титул, 2019. С. 212–216.
30. Logan, J. A. R., Justice, L. M., Yumuş, M., Chaparro-Moreno, L. J. (2019) When children are not read to at home: The million word gap. *Journal of Developmental & Behavioral Pediatrics*, vol. 40, no. 5, pp. 383–386. <https://doi.org/10.1097/dbp.0000000000000657>
31. Мустафаева, А. О., Николаева, Н. О., Ефимова, В. Л. (2025) Экранное время и речь детей раннего возраста. *Комплексные исследования детства*, т. 7, № 1, с. 14–22. <https://doi.org/10.33910/2687-0223-2025-7-1-14-22> EDN GZCZNH

1	Алғы сөз	3
2	Балалардың сөйлеуін дамытуға арналған ұсынымдар	6
3	Саусақ жаттығулары	21
4	Артикуляциялық жаттығулар	32
5	Тіл ұстарту жаттығулары	36
6	Санамақтар	46
7	Жаңылпаштар	62
8	Тыныс алу жаттығулары	74
9	Дидактикалық ойындар	79
10	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	